Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы

# АБАЙ МЕКТЕПТЕРІ ЖЕЛІСІН ДАМЫТУДЫҢ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ

Нұр-Сұлтан, 2021

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми кеңесінде (2021 жылғы 12 наурыздағы № 1 хаттама) талқыланып баспаға ұсынылды.

**Абай мектептері желісін дамытудың тұжырымдамалық негіздерін әзірлеу, тұжырымдама**, – Нұр-Сұлтан: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2021. – 92 б.

**Абай мектептері желісін дамытудың тұжырымдамалық негіздерін әзірлеу, тұжырымдама**

Тұжырымдама Абай мектептері желісін дамытудың мақсаты мен міндеттері, әдіснамалық негіздері, Абай мектептері желісін дамытудан күтілетін нәтижелер бөлімдерінен тұрады.

Тұжырымдама «Абай» мектептерінің мұғалімдері мен білім беру ұйымдарының қызметкерлеріне, әдіскерлерге арналады.

© Ы. Алтынсарин атындағы
Ұлттық білім академиясы,
© Национальная академия образования
им. И. Алтынсарина,

# Кіріспе

**Тұжырымдаманың өзектілігі.** Қазақстандағы білім беру реформаларының жалпы мақсаты еліміздің білім беру жүйесін жаңа әлеуметтік-экономикалық жағдайға бейімдеу болып табылады. Білім беру жүйесін жетілдіру әлемдегі дамыған 30 елдің қатарына енуге қол жеткізуде маңызды рөл атқарады. Демек, бүгінгі таңда еліміздің экономикалық өсуі үшін білім беру жүйесінде де жаңа технологиялық жетістіктер мен инновацияларды енгізу, ІТ-технологиялардың қарқынды дамуына ілесе отырып бәсекеге қабілетті адами капиталды дамыту өткір мәселелердің бірі [1].

Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында білім беруде тек полиглот, цифрлы қаруланған, бәсекеге қабілетті тұлғаны емес, өз тілі мен әдебиетін сүйетін, туған жерінің тарихын білетін, ұлттық коды сақталған, ұлтжанды тұлғаны тәрбиелеуді атап көрсеткен [2].

Әртүрлі бағытта балалардың ерекше қабілетін ерте анықтау және дамыту ісін ғылыми-әдістемелік, ұйымдастырушылық тұрғыдан жолға қою мақсатында 2018 жылғы 16 қазандағы №574 бұйрығымен Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі «Дарынды балалар мен талантты жастарды анықтаудың, дамытудың және қолдаудың қазақстандық ұлттық жүйесінің тұжырымдамалық негіздерін» бекітті. Еліміздің мектептеріндегі дарынды балалардың іргелі ғылым негіздері бойынша, шығармашылық қабілеттері негізінде бәсекеге қабілетін шыңдау мақсатында республикалық ғылыми-практикалық «Дарын» орталығының, орталықтың өңірлік құрылымдарының басшылығымен жұмыс істейтін 134 мамандырылған мектептер желісі жұмыс істейді. Сонымен бірге жаратылыстану-математика пәндер бағытындағы «Білім-инновация лицейлері» білім беру ұйымдарының желісі 30 жылға жуық уақыт жоғары нәтижелі жұмыс істеп келеді. Бұл мектептердің оқушылары көптеген халықаралық олимпиадалар мен шығармашылық байқаулардың жеңімпаздары.

Еліміздің «Назарбаев зияткерлік мектептері» желісі орта білім берудің халықаралық үлгісі негізінде қазақсандық білімнің бәсекеге қабілетін дәлелдеп келеді. Бүгінгі таңда елімізде 22 «Назарбаев зияткерлік мектебі» жұмыс істейді.

Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаевтың «Семей тезистерінде» «екінші тезис – туған тіліміз бен әдебиетіміздің қадірін балаларға мектеп жасынан сіңірту. Алматыдағы Абай атындағы тіл-әдебиетті тереңдете оқытатын мектепке айрықша көңіл бөліп, келешекте «Абай мектебі» желісін қалыптастыру», – деп айтылған [3].

Осыған орай, бүгінгі таңда ұлттық сананы жаңғырту қазақ тілінің қоғамдық-әлеуметтік қызметін түсінетін, тілдік нормасын сақтап жаза алатын, лингвоэтика, сөйлеу мәдениеті заңдылықтарын білетін және қазақ тілін функционалды-коммуникативті аспектіде талдап, ұлттық тіл деңгейінде қолдана алатын тұлғаны қалыптастыру қажеттілігі туындап отыр. Еліміздің барлық өңірінде қазақ тілі мен әдебиетін тереңдетіп оқытатын

мамандандырылған гимназиялар, мектеп-гимназиялар табысты жұмыс істеп келеді. Солардың қатарында Алматы қаласының Ш.Уәлиханов атындағы №12 мамандандырылған гимназия, М.Мақатаев атындағы №140 мектеп-гимназия тағы сол сияқты әрбір өңірде көптеген нәтижелі мектептер бар. Мәселе, осы қазақ тілі мен әдебиетін тереңдетіп оқытатын мектептердің жүйесін құру.

**Ағымдағы жағдай.** Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында «Мемлекеттік тілді басым дамыту білім беруді әдіснамалық және ғылыми-әдістемелік сүйемелдеу, оның ішінде қазақ тілі мен әдебиетін тереңдетіп оқыту есебінен күшейтілетін болады. Ол үшін гуманитарлық пәндерді тереңдетіп оқытатын Абай атындағы мектептер мен мектеп-интернаттарының желісі құрылатын болады» [4], – делінген. Мемлекеттік бағдарламаны жүзеге асыру аясында 11 облыс орталығы мен 3 қалада Абай атындағы мектептер ашылды. Абай атындағы мектептер желісі одан әрі кеңееді. Алматы қаласындағы Абай атындағы Республикалық мамандандырылған дарынды балаларға арналған қазақ тілі мен әдебиетін тереңдете оқытатын орта мектеп-интернаты осы мектептердің ұйымдық және әдістемелік орталығы қызметін атқарады.

Әлемдегі үздік халықаралық мектептер балаға беделді колледжге немесе әлемдік деңгейдегі университетке түсуге мүмкіндік береді. Солардың қатарында қазақстандық «Мирас» мектептері, «Білім-Инновация» мектептері бар.

Дарынды балаларға арналған арнайы білім беру ұйымдары көптеген елдерде де жұмыс жасайды.

**Халықаралық тәжірибе.** Бүгінгі таңда көпке мәлім Ресейдің гуманитарлық бағыттағы үздік мектептерінің саны өсуде [5].

Еуропалық орта білім беру бағдарламалары да әлемге танымал халықаралық білім стандартына айналып отыр. Еуропадағы оқу орындары ұзақ уақыт бойы басқа елдерден білім алушыларды қабылдап келеді. Еуропаның бай тарихи мәдени мұрасымен байланысты заманауи және жоғары сапалы өмір салтының ерекше үйлесімімен ЕО елдері халықаралық білім алу үшін жоғары оқу стандарттарын ұсынады. 2016 жылдың қорытындысы бойынша [6] АҚШ-тағы үздік халықаралық мектептердің рейтингінде 13 мектеп болса, 2017 жылдың қорытындысы бойынша Еуропа мен АҚШ-тағы үздік халықаралық мектептердің рейтингінде оның саны 55-ке өскен [7]. 2020 жылғы қорытынды бойынша әлемге әйгілі мектептер саны да артқан [8].

Америка Құрама Штаттарында 400-ден астам халықаралық білім беру мекемелері бар, олардың әрқайсысы ерекше. Білім алушылар әлемнің түкпір-түкпірінен оқу орындарына келеді.

Қазір балалар мен жасөспірімдерге арналған халықаралық оқу орындарын әртүрлі елдерден кездестіруге болады.

Әлемдегі элиталы мектептерді не біріктіреді? – деген сұраққа жауап беріп көрелік:

- олардың оқу, шығармашылық, спорт және жайлы өмір сүру үшін: оқу ғимараттары, кітапханалар, зертханалар, студиялар, стадиондар, резиденциялар секілді инфрақұрылымы бар;
- заманауи техникалық жабдықтар мен оқу материалдарын, оқытудың тиімді әдістерін қолданады;
- теңгерімді білім беру бағдарламаларын ұсынады;
- жоғары академиялық нәтижелер көрсетеді;
- балалардың қауіпсіздігі мен қамқорлығына кепілдік береді;
- білімге деген сүйіспеншілікті және өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылысты оятады;
- әр оқушының жеке басын бағалайды, оның амбициясын құрметтейді және әлеуетін ашуға көмектеседі;
- рухани құндылықтар мен дене дамуына назар аудара отырып, тұлғалық қалыптасуына жағдай жасайды;
- онда болашақ әлемдік элита білім алады.

Осы тәрізді Абай мектептері де элиталық мектеп деңгейіне көтерілу үшін жоғарыдағы талаптарды басшылыққа алған жөн.

Атаулары әлемге әйгілі мектептер жайлы сөз қозғағанда Конфуций [9], Монтессори [10] және Макаренко [11] есімдері еске түседі. Төменде берілген кестеде тарихта есімдері қалған әлемге әйгілі мектептерге сипаттама берілген (1-кесте. Тарихта есімдері қалған әлемге әйгілі атаулы мектептер).

**1-кесте. Тарихта есімдері қалған әлемге әйгілі атаулы мектептер**

| № | Атақты мектептер | Бағыты | Ерекшелігі | Нәтижесі |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Конфуций мектептері | Конфуций мектебінде, негізінен, төрт пәннен дәріс оқытылатын. Олар – тіл, ахлақ, саясат және әдебиет. Әлеуметтік нормалар мен әдет-ғұрыптарды толықтай сақтау | Адамгершілік мәселелерін алға қою. Үлгі тұтуға жарайтын ер адамның адамгершілігі (жэнь), үлкенді сыйлауы (сяо), әдет-ғұрып, дәстүрді құрмет тұту (ли) жоғарғы дәрежеде болу | |
| 2 | Монтессори мектебі | Балаларды өзін-өзі тәрбиелеуге, білім алуға және дамытуға бағыттау | Баланы «оқы, оқы» деп күштеп емес, ойын арқылы оқыту және баламен дербес тіл табысуға негізделген жаттығуларды таңдап алу | Монтессори мектебіндегі өзін-өзі дамытудың нәтижесі өмірде өзін тапқан, өз істегендерін жақсы көретін және айналасында болып жатқан барлық нәрселер үшін жауапкершілікті |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | | түсінетін бақытты адамдар деп санауға болады |
| 3 | Макаренко мектептері | Балаларды командада тәрбиелеу | Белсенді, өмірлік ұстанымдарды жүзеге асыру | |

Баланың жеке қабілеті мен даралық ерекшеліктеріне аса назар аударып, соған сәйкес білім беру мазмұны мен оқыту технологияларын жүйелеп белгілі бір бағытта терең білім беретін мектептер желісі алыс, жақын шетелдерде де, елімізде де мол жиналған тәжірибенің бар екенін көріп отырмыз. Сондықтан қазақ тілі мен әдебиетін терең оқытатын, баланың жоғары ұлттық рухани құндылығы мен ұлттық кодын қалыптастыратын, шешендік өнерге баулып еліміздің жас көшбасшыларын дайындайтын мектептер желісін құруға әдіснамалық, ғылыми-әдістемелік, оқу-әдістемелік және ұйымдастырушылық негіздер бар.

Абай мектептері желісін дамытудың тұжырымдамалық негіздерін әзірлеу еліміздің білім беру жүйесінің заманауи, әлемдік білім беру кеңістігіне енуде білім алушыларымыздың, еліміздің бәсекеге қабілетінің өсуімен дәлелденеді. Сондықтан қазіргі заманғы білім берудің маңызды міндеті дарынды балалардың толыққанды дамуы мен одан әрі өзінің көрнекті қасиеттерін сақтап, дамыту үшін жасалатын педагогикалық жағдайларын анықтау және іске асыру болып табылады.

# 1. АБАЙ МЕКТЕПТЕРІ ЖЕЛІСІН ДАМЫТУДЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Абай мектептерінің әдіснамалық тұғыры Абайдың Құнанбайұлының «Толық адам» пікіріне негізделеді.

Белгілі Абайтанушы, профессор М.Мырзахметұлы қазақ халқының ой-санасының, дүниетанымының шыңы Абайдың шығармаларында жатқандығын, сол дүниетаным негізінде құрылған тәрбие арқылы қазақ халқының жарқын болашағын қалыптастыру қажеттігін айтады [12].

Абай Құнанбайұлының шығармашылығын меңгерте отырып бүгінгі ұрпақтың азаматтық ұстанымын қалыптастыруымыз қажет. Білім алушыларды мектеп қабырғасынан бастап ұлтжандылыққа тәрбиелеп, ұлттық сана-сезімді бойларына сіңіру, қазақ халқының төл мәдениеті мен рухани мұрасын құндылық ретінде сақтап, бәсекеге қабілетті зияткер тұлғаны қалыптастыру – біздің парызымыз.

**Абай мектептері желісін дамытудың мақсаты –** Абай Құнанбайұлының әдеби мұраларындағы адами құндылықтарды негізге алып, қазақ тілі мен әдебиетін тереңдете оқытатын «Абай мектептері» білім беру ортасын құру.

**Абай мектептері желісін дамытудағы міндеттер:**

- Абай мектептері білім беру ортасының әдіснамалық негіздерін анықтау;
- Абай мектептері білім беру ортасын қалыптастыру мен жүзеге асырудың Тұжырымдамасын әзірлеу;
- Абай мектептері желісінің нормативтік-құқықтық негіздерін әзірлеу;
- Абай мектептері желісінің қызметін ұйымдастырудың ұйымдастыру-әдістемелік нұсқаулығын әзірлеу;
- Абай мектептерінің білім беру бағдарламасын, Үлгілік оқу жоспарын әзірлеу;
- Абай мектептері білім беру бағдарламасының негізін құрайтын пәндерді анықтап, оқу бағдарламаларын әзірлеу;
- Абай мектептерінің негізін құраушы пәндерді оқытудың әдістемелік ұсынымдарын әзірлеу;
- Абай мектептері желісінің инфрақұрылымын құру;
- Абай мектептерінің, желісінің моделін құру.

# 2. АБАЙ МЕКТЕПТЕРІ ЖЕЛІСІН ДАМЫТУДЫҢ ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

## 2.1 Абай мектептері білім беру ортасының әдіснамалық негіздері

Жоғарыда көрсеткеніміздей, Абай мектептерінің әдіснамалық тұғыры Абай Құнанбайұлының «Толық адам» пікіріне негізделеді. Абай мектептері білім алушыларының тұлғасы, азаматтық ұстанымы, адами құндылықтары Абай шығармалары негізіндегі дүниетаным мен ой-сана қасиеттерін қалыптастыруға бағытталған білім мен тәрбие ортасында қалыптасады.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында қазақ халқының тағылымы мол тарихы мен ықылым заманнан арқауы үзілмеген ұлттық салт-дәстүрлерін алдағы өркендеудің берік діңі ете отырып, тұтас қоғамның және әрбір қазақстандықтың санасын жаңғыртудың бірнеше бағытын атап өтті. Олар:

1. Бәсекелік қабілет.
2. Прагматизм.
3. Ұлттық бірегейлікті сақтау.
4. Білімнің салтанат құруы.
5. Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы.
6. Сананың ашықтығы.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Egemen Qazaqstan» газетінде жарияланған (5 қаңтар 2021 жыл) «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында Қазақстанның мемлекеттік тілі қазақ тілі екені Ата заңымызда 90-жылдардағы күрделі кезеңнің өзінде нақты жазылғандығын, осы аралықта қазақ тілінде білім беретін мектептер мен оқу орындарының, балабақшалардың санының еселеп көбейгендігін, елімізде тілдерді дамытудың екі мемлекеттік бағдарламасының қабылданғанын қадап айтты.

«Қазақ тілін, шын мәнінде, бүкіл халқымызды біріктіруші факторға айналдырудың барлық құқықтық тәсілдері және кепілдіктері қалыптасты. Мәселе – ниетте. Ниеттің дұрыс болуы қазақ тілін меңгергісі келетін адамдарға да, осы мақсатқа жетуге жағдай жасайтын Үкіметке де байланысты» [13]. Сондықтан мемлекеттік тілді білу – Қазақстанның әрбір азаматының парызы. Тілді үйрену мен сөйлеу мәселесі – әдістемеде де, тілді үйретуде де емес, мәселе – қажеттілікте.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің отырысында электронды дәуірдегі дәстүрлі кітапхананың ағартушылық рөліне тоқталып, мектеп кітапханаларындағы кітап қорына жаңартулар мен толықтырулар енгізудің аса маңызды екеніне тоқталды. Осыған орай, мектеп кітапханаларын қайта жаңғырту мен оқушыларды кітап оқуға баулу мақсатындағы 2020-2025 жылдарға арналған республикалық «Кітап құмар мектеп» жобасы бастау алды.

Жоба білім беру ұйымдарының кітапханаларын келешекте дамыту жөніндегі 2020-2025 жылдарға арналған жол картасы аясында жүзеге асады. Нәтижесінде мектеп кітапханаларының жұмысына түбегейлі өзгерістер жасалмақ.

Абай мектептері білім беру ортасының әдіснамалық негіздері осы құжаттардың негізгі тұжырымдары болып табылады.

## 2.2 Абай мектептері желісінің нормативтік құқықтық негіздері

Абай мектептерінің білім беру негіздерін құратын қазақ тілі мен әдебиеті пәні Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 27 қарашадағы №496 бұйрығының 7-қосымшасы «Негізгі және жалпы орта білім беру деңгейінің қазақ тілі мен әдебиетін тереңдете оқытатын гуманитарлық бағыттағы мамандандырылған Абай мектептері желісінің 5-11-сыныптарына арналған «Қазақ тілі», «Қазақ әдебиеті», «Абайтану» пәндерінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы» негізінде оқытылады [14].

Қосымша тіл үйрену мақсатында түрік тілі пәні бейіндік пәндер есебінен оқытылады.

Абай мектептері желісінің білім алушылары қазақ тілін жетік білумен қатар, әдеби сөйлеп, сауатты жазып, шешендік қырын, ақындық, журналистік қырларын да танытуы тиіс. Осыған орай, «Қазақ тілі» пәні аптасына 4 сағат, «Қазақ әдебиеті» пәні аптасына 5, 6 сағат, «Абайтану» пәні 5-7 сыныптарда аптасына 1 сағат және 8-11 сыныптарда 2 сағаттан оқытылады. Білім алушылардың гуманитарлық, лингвистикалық білімдерін толықтырып, тереңдете түсу мақсатында танымдық-теориялық бағыттағы («Тіл мәдениеті», «Мәтін талдау», «Медиасауаттылық», «Журналистика негіздері», «Әдебиеттануға кіріспе», «Халық ауыз әдебиеті», «Ұлы дала даналығы», «Когнитивтік лингвистика», «Академиялық жазылым», «Әлем әдебиеті», тарих және дипломатия бағытындағы («Мәдени мұра» курсы, «Әлемдік мәдениет», «Дипломатия негіздері»), шығармашылық бағыттағы («Шешендік сөз өнері», «Айтыс өнері», «Поэзия әлемі», «Домбыра», «Дебат», «Вокал», «Сәндік қолданбалы өнер») жүргізіледі.

Абай мектептері желісін дамыту мақсатында төмендегі бағдарламалық-стратегиялық және нормативтік-құқықтық құжаттарға сүйенеді:

- Қазақстан Республикасының Конституциясы (2017 жылғы 10 наурыздағы өзгерістермен және толықтыруларымен 1995 жылғы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды) [15];
- Қазақстан Республикасының «Білім туралы Заңы» 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-ІІІ (2018 жылғы 04 шілдедегі өзгерістер мен толықтырулармен) [16];
- Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы №345-ІІ «Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы» Заңы) [17];

- Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы 2002 жылғы 8 тамыздағы №345-ІІ Қазақстан Республикасының Заңы (2018 жылдың 2 шілдеде берілген өзгерістер мен толықтырулармен) [18];

- Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары (2012 жылғы 14 желтоқсан) [19];

- Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстан жолы-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» (17 қаңтар 2014 жыл) [20];

- Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан Халқына Жолдауы «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» (11 қараша 2014 жыл) [21];

- Қазақстан Республикасының білім және ғылым саласын дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 24 шілдедегі №460 қаулысы [22].

- «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын, оның ішінде балаларға арналған қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 17 мамырдағы №499 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 7 сәуірдегң №181 қаулысы (2017 жылғы 07 сәуірдегі өзгерістер мен толықтырулармен) [23] басшылыққа алынды.

## 2.3 Абай мектептері желісінің қызметін ұйымдастырудың ұйымдастыру-әдістемелік негіздері

Абай мектептері пәндерінің оқу бағдарламалары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 23 қарашадағы №493 бұйрығымен «Мамандандырылған білім беру ұйымдарының желісін және дарынды балалармен жұмыс жөніндегі оқу-әдістемелік кеңес туралы ережені бекіту туралы» [24] бұйрықтың негізінде жасақталады.

Қазақ тілін дамытып, ұлттық құндылығымызды дәріптеу мақсатында және Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөнінде құрылған Абай мектептері желісінің оқу бағдарламалары бекітілді.

Қазақстандағы педагогикалық-әдіснамалық ой-пікірдің қалыптасу тарихына, елдегі ағарту жұмыстарының дамуына, халықтың сауатын ашып, білім беру ісіне, бастауыштағы пәндерді оқыту мәселелеріне халқымыздың озық ойлы, ұлтын сүйген азаматтары А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы, М.Жұмабайұлы, Ж.Аймауытұлы, Х.Досмұхамедұлы, К.Жәленұлы, С.Қожанұлы, Ә.Қасымұлы, Т.Шонанұлы, Е.Омарұлы және т.б. зор еңбек сіңірді [25, 57].

Қазіргі таңда педагогикалық үдерістерді ұйымдастырудағы **әлемдік педагогикалық мәдениеттің гуманистік құндылықтары мен дәстүрлеріне бағытталу** қажеттілігі айқын көрініс табуда. Оқытушы шеберлігі оқыту үдерісін үлгілей отырып оның мазмұнына инновациялық білім беруді енгізуге және кері әсерлерге тойтарыс бере отырып, білім алушылар бойында этикалық мінез-құлық, адамгершілік сипаттарды қалыптастыруға бағытталуы тиіс [25, 8].

Абай мектептерінің оқу бағдарламалары мынадай негізде жасақталады;

**Білім алушылар** – ұлттық сана-сезімінің көкжиегі кеңейген, мінез-құлық прагматизмі қалыптасқан, шығармашыл әлеуеті дамыған, көптілді (қазақ, орыс, ағылшын), әлемдегі және Қазақстан Республикасындағы алдыңғы қатарлы ЖОО-ға оқуға түсуге қабілетті, метатанымдық қабілеті дамыған, өз елінің ұлтжанды азаматы.

➢ **Педагогтер** – кәсіби-теориялық және әдістемелік білімді меңгерген, тиімді әрекет етуге, кәсіби шеберлікке ұмтылуға ынталы, сындарлы оқыту теориясын ұстанатын, оқытудағы білім-білік дағдыларды шығармашылықпен кемелдендіретін жан-жақты қалыптасқан көшбасшы, құзырлы мамандар.

➢ **Оқу бағдарламасы** отандық білім стандартына сәйкес, академиялық білім негізінде функционалдық сауаттылықты қалыптастыруға, ұлттық мәдениетті, ұлттық рухты заманауи білім негізінде әлемдік тақырыптармен үндестіре отырып меңгертуге бағытталған.

➢ **Оқу ортасы –** түрлі оқу ресурстары мен жаңа инновациялық технологиялары бар ұйымшыл орта.

**Абай атындағы РММИ** – ана тілінің құндылық ретіндегі ұлттық маңызын қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пәндерін тереңдете оқыту арқылы ұлттық кодын сақтаған жеке тұлға қалыптастыруға бағытталған білім ордасы, Абай мектептері желісінің базалық орталығы.

**Құндылықтары:**

➢ Абай мектептері желісі Қазақстанның ұлттық элитасын қалыптастырумен қатар, адамзат, идеология, саясат, білім, ғылым, өнерге және қоғамның дамуына өзіндік үлес қоса алатын ұлтжанды тұлға тәрбиелейді.

➢ Оқу үдерісінің ашықтығы арқылы белгілі оқу мақсаттары, бағалау критерийлері мен шешім қабылдау бойынша жұмыс ұйымдастырады.

➢ Өмір бойы білім алуға, жаңаны тануға, шығармашылыққа деген ынта және өздігінен білім алуға дағдыландырады.

Абай мектептері желісі білім алушыларға сапалы білім мен тәрбие беру барысында жарқындылық, құрмет, жайлылық, ынтымақтастық, жауапкершілік, мақсаттылық, өмір бойы оқу құндылықтарын негізге алады.

## 2.4 Абай мектептері желісі мұғалімдерінің кәсіби қызметіне талаптар

### 2.4.1 Абай мектептері желісі мұғалімдерінің ғылыми-зерттеу мәдениетін қалыптастыру

Абай мектептері желісі мұғалімдерінің ғылыми-зерттеу мәдениетін қалыптастыруда:

✓ Білім беру жүйесін реформалауды;

✓ Шығармашылық ойлау түрін, дамыған дүниетанымдық мәдениетті, өзін-өзі дамытатын тұлғаны қалыптастыру қажеттілігінде;

✓ Білім беру ұйымдарында педагогикалық зерттеудің, зерттеу және тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың теориясы мен технологиясының мазмұнын түсінудегі өзгерістерден хабардар болуы керек.

**2.4.2 Абай мектептері желісі мұғалімдерінің ғылыми-педагогикалық ойлауы:**

1. Бақылау деректерін саралау, талдау және түсіндіру, маңызды фактілерді маңызды емес деректерден ажырата алу қабілеті;
2. Эксперимент (оның тұжырымдалуы, түсіндірілуі және нәтижелердің ресімделуі) жүргізе білу;
3. Эпистемологиялық цикл туралы білу және оның жеке кезеңдерінде белсенді іздеуді жүзеге асыру мүмкіндігі;
4. Теориялық білім құрылымын түсіну;
5. Жалпы ғылыми идеялар мен принциптерді меңгеру;
6. Табиғаттың күрделі құбылыстарындағы басты мәселені ажырата білу, материалды абстракциялау, талдау және жалпылау;
7. Құбылыстар мен процестерді өзара қарым-қатынаста қарастыру, заттар мен құбылыстардың мәнін ашу, олардың қайшылықтарын көру қабілеті болуы қажет.

**2.4.3 Абай мектептері желісінің зерттеуші мұғалімдері:**

1. Қоғамның даму перспективасын (перспективалық педагогикалық ойлау және бай қиял) түсіну;
2. Жаңа ұрпақтың жан-жақты даму процесін терең зерттеу және педагогикалық оптимизмді ұстану;
3. Педагогикалық зерттеу әдістері мен әдіснамасын меңгеру;
4. Ақиқатқа, белгісізді білуге деген құштарлық, байқау және бақыланатын заттарды, құбылыстар мен процестерді жіктеу қабілеті, аналитикалық және синтетикалық ойлау тәсілін пайдалану;
5. Ғылыми ойлау объективтілік, сенімділік, бастапқы позицияның анықтығы және кез келген идеяны, эксперимент нәтижелерін, теориялық құрылысты сыни тұрғыдан тексеруге үздіксіз ұмтылыспен шындықты білудің таңдалған жолына деген сенімділіктің икемді үйлесімімен сипатталады.

**2.4.4 Абай мектептері желісі мұғалімдерінің ғылыми-зерттеу мәдениеті:**

✓ педагогика саласындағы ғалымның ғылыми-зерттеу еңбектеріндегі мәдениетінің негіздерін;

✓ әдістер, іскерліктер, дағдылар және әдістемелік бағдарларды (талдау және жалпылау, дәлелдеу және теріске шығару, білімді негіздеу, міндеттерді қою және шешімін іздеу, гипотезаларды тұжырымдау мен тексеру, сондай-ақ педагогика бойынша нақты зерттеулердің әдіснамасын, педагогиканың

гуманитарлық ғылым ретінде әдіснамасын, ғылымның жалпы әдіснамасын) **қамтиды.**

### 2.4.5 Абай мектептері желісіндегі практик мұғалімдер мен зерттеуші мұғалімнің іс-әрекетін салыстыру

| Салыстыру параметрлері | Педагог-практик | Педагог-зерттеуші |
|---|---|---|
| **Нысаны** | Ол жалғыз объектімен айналысады, педагогикалық іс-әрекеттің «жоғары жағынан» (үстірт) не болатынын талдайды | Зерттеушінің қызметі субъект деңгейінде жүзеге асырылады |
| **Пәні** | Объективті шындықты меңгереді | Идеал объектілерді ойлап, дамытады |
| **Тәсілі** | Практик педагогтер педагогикалық шындықты күнделікті педагогикалық ойлау арқылы игереді | Зерттеушінің теориялық педагогикалық ойлау қабілеті болады |
| **Тілі** | Практик педагогтің күнделікті, тұрмыстық лексикасы болады | Ғалымға ғылыми тілдің мамандандырылған сөздік қоры мен синтаксисі тән |

Абай мектептері желісінің мұғалімдері философиялық білім (гносеология, гуманизм философиясы, ғылым философиясы) және әдіснамалық білімнің (ғылым әдіснамасы, педагогика әдіснамасы, педагогикалық ғылымтану, ғылыми-зерттеу қызметінің әдіснамасы) ғылыми-зерттеу мәдениетін қалыптастыруы қажет.

**Абай мектептері желісі мұғалімдерінің әдістемелік білімі:**

✓ жалпы ғылыми білім әдіснамасы (гносеология, дүниетанымдық алғышарттық білім; танымның жалпы ғылыми әдістері; жалпы ғылыми тәсілдер);

✓ арнайы білім әдіснамасы 1) таным әдістерін екпінді меңгеру үшін мүмкіндіктерді анықтау мақсатында оқу курсын талдау; 2) оқытудың процестік аспектілерін әзірлеу; 3) ғылыми-педагогикалық ойлау белгілері болғаны шарт.

### 2.4.6 Абай мектептері желісі мұғалімдерінің кәсіби-педагогикалық мәдениетінің үлгісі

| | Компоненттері | Сипаттамасы |
|---|---|---|
| 1 | **Аксиологиялық** | **Абай мектептері желісінде қызмет атқаратын мұғалімдердің педагогикалық білімнің жиынтығы:**<br>• психологиялық-педагогикалық білім;<br>• дамыған педагогикалық ойлау;<br>• педагогикалық рефлексияның жоғары деңгейі;<br>• педагогикалық әдеп;<br>• кәсіби-педагогикалық өзін-өзі жетілдіру қажеттілігі;<br>• педагогикалық импровизация;<br>• педагогикалық қызметінің шығармашылық сипаты;<br>• ғылыми және педагогикалық қызметті үйлестіру мүмкіндігі;<br>• педагогикалық этика;<br>• педагогикалық жұмысқа қанағаттану;<br>• мұғалімнің сөйлеу мәдениеті. |
| 2 | **Технологиялық** | **Абай мектептері желісінде қызмет атқаратын мұғалімдердің бойында болуы қажет педагогикалық технологиялар:**<br>• мұғалімнің педагогикалық техникасы;<br>• педагогикалық қарым-қатынас технологиясы;<br>• сынып және сыныптан тыс сабақтарды ұйымдастыру және өткізу технологиясы;<br>• білім алушылардың өзіндік, жеке жұмысын ұйымдастыру және басқару технологиясы;<br>• педагогикалық талаптар технологиясы;<br>• жанжалдарды шешу технологиясы. |
| 3 | **Эвристикалық** | **Абай мектептері желісінде қызмет атқаратын мұғалімдердің шығармашылығындағы кезеңдердің реттілігі:**<br>1) педагогикалық мәселені шешуге бағытталған педагогикалық жоспардың пайда болуы;<br>2) жоспарды әзірлеу;<br>3) іс-әрекет пен қарым-қатынаста идеяны іске асыру;<br>4) шығармашылық нәтижелерін талдау және бағалау. |
| 4 | **Тұлғалық** | Жеке компонент мұғалімнің кәсіби-педагогикалық мәдениетінің мазмұнын оның маңызды күштерін (қажеттіліктері, қабілеттері, мүдделері, жеке тұлғаның әлеуметтік тәжірибесі, жеке тұлғаның әлеуметтік белсенділігінің өлшемі) жүзеге асырудың нақты әдісі ретінде ашады. Педагогикалық іс-әрекет жеке тұлғаның шығармашылық өзін-өзі жүзеге асыруы үшін белгілі бір жағдайлар жасайды (өзін-өзі тану; өзін-өзі дамыту; өзін-өзі жетілдіру; өзін-өзі талдау). |

### 2.4.7 Абай мектептері желісі мұғалімдерінің зерттеу мәдениетінің моделін негіздеу

Кәсіби-педагогикалық мәдениеттің жалпыланған моделі бізге қазіргі мұғалімнің ғылыми-зерттеу мәдениетінің моделін негіздеуге көшуге мүмкіндік береді. Біздің ойымызша, педагогикалық білім мазмұны зерттеу мәдениетіне сәйкес болуы керек және ғылыми-педагогикалық білімнің блоктарын қамтуы керек: біртұтас педагогикалық процестің теориясы мен

технологиясы, ғылыми-зерттеу теориясы мен әдістемесі, педагогикалық рефлексия теориясы, педагогикалық инновация, педагогикалық ой мен білімнің даму тарихы, этнопедагогика және т.б.

Мазмұнның қайнар көзі педагогикалық мәдениет болып табылады, оған жоғарыда айтылғандардан басқа, күнделікті педагогикалық сана мен білім беру практикасы кіреді. Педагогикалық мәдениет, өз кезегінде, тұтас мәдениеттің бөлігі. Абай мектептері желісінің мұғалімдері қоғам мәдениеті – жалпыға бірдей, қоғамның педагогикалық мәдениеті – жалпы, кәсіби педагогикалық мәдениет – ерекше, ал мұғалімнің зерттеу мәдениеті – жалғыз екендігін жадында ұстаған жөн.

### 2.4.8 Абай мектептері желісі мұғалімдерінің зерттеу мәдениетінің компоненттері:

- Мектепте ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастыруға дайындық;
- озық педагогикалық тәжірибені зерделеуге, жинақтауға және пайдалануға дайындық;
- педагогикалық ғылымның жетістіктерін мектеп тәжірибесіне енгізуге дайындық;
- педагогикалық ғылым мен мектеп практикасының өзара іс-қимылын іске асыруға дайындық;
- инновациялық-дидактикалық қызметке дайындық;
- зерттеу қызметіне дайындық.

Жоғарыда айтылғандар негізінде мұғалімнің зерттеу мәдениеті пәнінің моделі пайда болады.

**Мұғалімнің зерттеу мәдениеті** педагогикалық құндылықтар мен білім беру технологияларын игеру, жүргізу, құру үшін қажетті сапа ретінде қарастырылады; педагогикалық фактілерді, құбылыстарды, процестерді, нәтижелерді түсінуге және қабылдауға, заңдар мен заңдылықтарды, теорияларды түсінуге, гипотезаны қалыптастыруға және осы негізде өзінің инновациялық-дидактикалық қызмет жүйесін қайта құруға мүмкіндік беретін мұғалімнің жеке басының кәсіби маңызды сапа.

Мұғалімнің зерттеу мәдениеті ғылым парадигмасы мен білім парадигмасына бағдарлануды қажет ететін ғылыми-зерттеу жұмысының мәдениеті негізінде құрылады.

### 2.4.9 Абай мектептері желісі мұғалімдерінің мотивтері

| Мотивтер | Білім-хабардарлық | Әдістерді игеру |
|---|---|---|
| білім мен ғылымдағы инновациялық үдерістерді тануға ұмтылу; | білім мен ғылымның жаңа парадигмасы, білім мен ғылымдағы инновациялық процестердің жаңа даму тенденциялары; | жаңа парадигманы, білім мен ғылымдағы инновациялық процестердің даму тенденцияларын ашу; |

| | | |
|---|---|---|
| философиялық, әдіснамалық, ғылым терапиясына, психологиялық-педагогикалық әдебиетке қызығушылық; | философиялық заңдар, принциптер, категориялар және олардың педагогикалық ғылым мен практикадағы көрінісі; | педагогикалық заңдылықтарды, принциптерді, категорияларды тану; |
| жаңа педагогикалық фактілерді, құбылыстар мен процестерді талдауға ұмтылу; | педагогика әдіснамасын дамытудың негізгі бағыттары, педагогикалық фактілерді, құбылыстар мен процестерді зерттеудің әдіснамалық тәсілдері; | педагогика әдіснамасы, педагогикалық фактілерді, құбылыстар мен процестерді зерттеудің жаңа әдіснамалық тәсілдері; |
| педагогикалық теорияларды, тұжырымдамаларды, идеяларды, ниеттерді, фактілерді, құбылыстарды, процестерді сыни талдау және жалпылау қажеттілігі; | педагогикалық зерттеудің әдіснамасы мен әдістемесі; | әдістемелік тәсілдер мен ғылыми-педагогикалық зерттеу әдістерін таңдау |
| өз қызметін ғылыми негіздеуге ұмтылу; | білім берудегі инновациялар әдіснамалары мен теориялары; | өзіндік қызмет жүйесін модельдеу; |
| философиялық, әдіснамалық, теориялық және технологиялық білімді игеру қажеттілігі; | педагогикалық ғылымның ұғымдық-категориялық аппараты; | өз-өзіне есеп беру, өзін-өзі жетілдіру; |

**2.4.10 Абай мектептері желісі мұғалімі бойында зерттеу мәдениетін қалыптастырудан күтілетін нәтижелер**

Абай мектептері желісі мұғалімдерінің педагогикалық дамумен айналысатын мұғалімі:

- өз қызметіне талдау жасай алады;
- білім алушылардың іс-әрекетіне баға бере алады;
- шығармашылықпен жұмыс жүргізе алатын – жаңашыл мұғалім;
- жаңашыл мұғалім – зерттеуші мұғалім.

Мұғалімнің зерттеу мәдениетін игеруге бағытталған қозғалысындағы оның кәсіби өсуінің әрбір сатысы:

ЖОО-да алынған теориялық білімдерді іске асырушы;

- идеялар бастамашысы;
- оқу-әдістемелік әдебиетті әзірлеуші;
- өз идеяларын іске асырушы;
- педагогикалық білімді ұйымдастырушы;
- белгілі бір Тұжырымдаманың, идеялардың, бағдарламаның авторы (зерттеуші-мұғалім).

Абай мектептері желісі мұғалімдерінің зерттеушілік мәдениетін қалыптастырудың барлық кезеңдері педагогикалық білім берудің, біліктілікті арттырудың, кәсіби-педагогикалық мәдениетті қалыптастырудың нақты тұжырымдамаларына негізделген.

Осы жүйенің құрылымдық компоненттері мұғалімнің зерттеу мәдениетін қалыптастыруға әсерін талдау қажетті сапаның қалыптасуының, дамуының ғылыми – практикалық алғышарттарының тиімділігін тексеру бойынша тәжірибелік-педагогикалық жұмыс барысында жүргізілді.

**Таңдалған жүйенің келесі маңызды ерекшеліктері:**

1) күрделі иерархиялық жүйені құруға мүмкіндік беретін тікелей және кері байланыстары, қатынастары бар ғылыми-практикалық алғышарттар жиынтығы;

2 ашық және дамуға қабілетті, үнемі жаңа мазмұнмен және жаңа формалармен байытылатын жұмыс;

3) педагогикалық түсініктері мұғалімнің зерттеушілік мәдениетін қалыптастырудың педагогикалық теориясының негізгі мазмұнын құрайды;

4) кәсіптік-педагогикалық білім беру құрылымына барабар және мұғалімдерді әдіснамалық даярлау процесін оңтайландыру, мұғалімдерде зияткерлік мәдениетті қалыптастыру үшін мәселенің ұғымдық-терминологиялық аппаратын ашатын әдістемелік-педагогикалық модель.

Осылайша**,** Абай мектептері желісі мұғалімдерінің зерттеу мәдениетін қалыптастыру нәтижелерін келесі логикада көрсетуге болады:

- педагогикалық рефлексия
- практикалық рефлексия
- әдістемелік рефлексия
- технологиялық рефлексия
- ғылыми-әдістемелік рефлексия
- әдіснамалық рефлексия.

**Технологиялық құзыреттілік** – бұл білім беру технологиялары туралы теориялық білімді игеруге, оларды оқу және кәсіби іс-әрекетте қолдануға мүмкіндік беретін, білім алушылардың сәтті шығармашылық іс-әрекетке дайын екендігінде, оның әлеуметтік маңыздылығын және жеке жауапкершілігін түсінуінде көрінетін кәсіби қызметтің өзіндік жүйесін қайта құруға ықпал ететін кәсіби маңызды және жеке сапа. Осы іс-әрекеттің нәтижелері үшін оны үнемі жетілдіру қажеттілігі.

**Технологиялық мәдениет** – бұл жалпы мәдениеттің органикалық бөлігі, ол өзінің мазмұнында техникалық және гуманитарлық ғылымдардың жетістіктерін біріктіруге, интеграцияланған принциптерді тек әлеуметтік кеңістікті зерттеуге ғана емес, сонымен бірге оны әлеуметтік жүйелерді дамыту мақсаттарына, адам өмірінің мағынасына сәйкес белсенді түрде орналастыруға тырысады.

Бұл мәдениеттің маңызды құрамдас бөлігі – ойлаудың конструктивтілігімен сипатталатын ойлаудың инновациялық түрі.

### 2.4.11 Абай мектептері желісі мұғалімдерінің инновациялық мәдениеті: «стратегия, парадигма, құзыреттілік»

| | |
|---|---|
| **Құндылығы** | Абай мектептері желісінің мұғалімдері мемлекеттік құндылық, әлеуметтік құндылық, мәдени құндылық және жеке құндылықтардың ара-жігін ажырата білуі қажет. |
| **Жүйесі** | Абай мектептері желісінің мұғалімдері педагогикалық жүйе, білім беру жүйесі, оқыту жүйесі, тәрбие жүйесі, даму жүйелерін ұстану керек. |
| **Процесс** | Абай мектептері желісінің мұғалімдері педагогикалық үдеріс, білім беру үдерісі, оқу үдерісі мен тәрбие үдерісін басшылыққа алған жөн. |
| **Нәтижесі** | Абай мектептері желісінің мұғалімдері педагогикалық процестің, білім беру процесінің, оқу процесінің, тәрбие процесінің, даму процесінің нәтижесін шығара алғаны дұрыс. |
| **Қызметі** | Абай мектептері желісінің мұғалімдері Абайдың «Толық адам» іліміне негіздеп білім береді. |

### 2.4.12 Абай мектептері желісі білім берудің мақсаттары

| | |
|---|---|
| **Абай мектептері желісі білім берудің мақсаты:** | ***Білім алуға үйрену*** |
| | **зияткерлік мәдениетті қалыптастыру** |
| | **өзін-өзі ұйымдастыру мәдениетін басшылыққа алу** |
| | **зерттеу мәдениетімен шұғылдану** |
| | **ақпараттық мәдениеттен хабардар болу** |

Білім берудің бірінші мақсаты – білім алушылардың зерттеу әрекетіне және зерттеу біліктіліктерін меңгеруге қызығушылығын дамытуға жағдай жасалуы тиіс. Абай мектептері желісінде білім алуға үйрену үшін білім алушының интеллектуалдық мәдениетін, ақпараттық мәдениетін, өзін-өзі ұйымдастыру мәдениетін, зерттеу мәдениетін дамыту қажет. Берілген мәдениет түрлері оқушыға өмір бойы оқып-үйренуге мүмкіндік тудырады. Сонымен «өмір бойы білім алу» шындық болмысқа айналады.

Білім берудің екінші мақсаты – оқушыға жұмыс жасауға үйренуге көмектесу. Ең әуелі білімдерін практикада пайдалануды үйрету қажет. Бұл үшін білім алушылардың жүйелі сыни ойлауды дамытуына әсер еткен жөн.

Абай мектептері желісіндегі білім алушылардың интеллектуалды, ақпараттық, зерттеу мәдениеті мен өзін-өзі ұйымдастыру мәдениетін қалыптастыру оларға өмір бойы білім алуға мүмкіндік береді. Осылайша, «өмір бойы білім алу» тезисі негізіндегі ой шындыққа айналады.

Абай мектептері желісіндегі мұғалімдердің білім берудегі мақсаты – білім алушыларға «оқуды үйренуге көмектесу». Ал білім берудің бірінші мақсаты: жұмыс істеуге (еңбек етуге) үйрету. Осындай ұстаным қалыптасқанда ғана білім алушылардың арасынан оқ бойы озық көшбасшылар шығуы заңдылық. Білімді практикада қолдану, теориялық мәселелерді шешу үшін білімді дұрыс қолдана алу керек.

Білім үшінші мақсаты – білім алушыларға басқа адамдармен бірге өмір сүруді үйренту. Бұл ретте Абай мектептері желісіндегі білім алушыларға басқа адамға – құндылық ретінде қарау; басқа адамды қабылдай алу; басқа адамды түсіне алу; басқа адамға көмек көрсете алу; коммуникативтік мәдениетті сақтай алу сынды қасиеттерді бойларына сіңіруіміз керек.

Білім берудің төртінші мақсаты – білім алушыларға «өзін-өзі түсініп, қабылап, өмір сүруге үйренуге көмектесуіміз қажет.

Білім алушының өзін-өзі дамытуына: мотивация, рефлексия, әрекет, эмоцияларды жатқызуға болады. Берілген қасиеттер білім алушының өзін-өзі жетілдіруге тигізер көмегі көп.

### 2.4.13 Абай мектептері желісі білім беру саласындағы стратегиялық бағдарлар

| № | Бағдарлар | Сипаттамасы |
|---|---|---|
| 1 | **Жалпыға арналған білім** | Жалпыға білім беруді қамтамасыз ету – балалар, жастар және ересектердің өмір сүру деңгейін жақсарту және бейбіт, тең құқықты қоғам құруға қатысу үшін қажетті білім мен дағдыларды игеру мүмкіндігіне ие болу. ЮНЕСКО ұлттық білім беру жүйелерін алты тапсырманы орындау арқылы шешілетін өмір бойы үздіксіз білім беру, білім беру стратегиясына бағыттайды:<br>***кіші жастағы балаларды тәрбиелеу және оларға білім беру;***<br>***жалпыға бірдей бастауыш білім беру;***<br>***сауаттылықты арттыру;***<br>***жастар мен ересектерді оқыту;***<br>***білім беруде гендерлік тепе-теңдікке қол жеткізу;***<br>***білім сапасы.*** |
| 2 | **Абай мектептері желісі тұрақты даму үшін білім беру** | Абай мектептері желісі тұрақты дамуға арналған білім тек экологиялық білім ғана емес, сонымен қатар адам құқықтары бойынша білім беру және жанжалды жағдайларды шешу, тиімді басшылық, экономика, өнер және мәдениет кіреді. Бұл білім берудің пәнаралық және динамикалық тәсілі, ол адамдарға өмірінің әртүрлі кезеңдерінде және кез келген оқу түрінде болашақта жер бетіндегі тіршілікті сақтау үшін қажетті өмір салты мен моральдық-этикалық құндылықтар туралы білім алуға мүмкіндік береді. |
| 3 | **Абай мектептері желісіндегі білім сапасы** | Абай мектептері желісіндегі білім беру сапасына қол жеткізу, оқыту және оқыту процестері, алынған нәтижелер сияқты факторларды, оларға жалпы контекст ретінде әсер ету тұрғысынан (білім беру контексті осы саладағы мемлекеттік саясатқа байланысты), сондай-ақ қолда бар ресурстардың ауқымы мен сапасын қамтиды. |

### 2.4.14 Абай мектептері желісі білім беру жүйесін дамытудың басым бағыттары

| № | Басым бағыттары | Сипаттамасы |
|---|---|---|
| 1 | **Жоғары білім және зерттеу** | Абай мектептері желісінің білім алушылары пәндер саласында түрлі зерттеулер жүргізуді қолға алған. Сол арқылы білім алушылар білімдерін жетілдіре түседі. Мектеп бітіруші түлектер еліміздің және шетелдегі белгілі ЖОО-ларға оқуға қабылдануға мүмкіндіктері бар. |

| | | |
|---|---|---|
| 2 | **Әлеуметтік өлшем** | Абай мектептері желісінің білім алушылары білімге қол жетімді, заманауи сұраныстары мен талаптары қанағаттандырылған. Әлеуметтік және экономикалық жағдайларға байланысты кедергілерді жеңуге үйренген. |
| 3 | **Ұтқырлық** | Абай мектептері желісінің білім алушыларының басты ұстанымы – ұтқырлықтары. Ұтқырлықтың басты мақсаты – білім алушыға таңдалған дайындық бағыты бойынша жан-жақты білім алуға мүмкіндік береді, оған дәстүрлі түрде жетекші ғылыми мектептер қалыптасқан білімнің танылған параметрлеріне қол жеткізуді қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, виртуалды ұтқырлық физикалық ұтқырлықты алмастыра алмайды. |
| 4 | **Білім беру саласындағы халықаралық ынтымақтастық** | Абай мектептері желісінің білім алушылары бір елдің ғана емес, әртүрлі елдердің университеттеріне қабылдануға құқықтары мен жеткілікті білімдері бар. Соның ішінде мектеп бітіруші түлектердің көбі әл-Фараби атындағы ҚҰУ-дың Шығыстану факультетіне оқуға барады. Аталған оқу орнын бітірген студенттер шетелдің алдыңғы қатарлы оқу орындарына қабылдана алады. |

### 2.4.15 Абай мектептері желісіндегі қазіргі білім беру парадигмалары

Томас Кун ғылым философиясына ғылыми білімнің өсуін сипаттауда және түсіндіруде негізгі болып табылатын «парадигма» ұғымын енгізді. «Парадигма» ұғымын тарихтың нақты бір кезеңінде ғылыми қауымдастық мойындаған ғылыми жетістіктер жиынтығы деп түсіндіреді. Парадигмалық білімдер үлгісіне әлем туралы жаңа білім жасауда ғалымдардың көпшілігі пайдаланатын Ньютонның, Максвеллдің, Бордың, Энштейннің теориялары жатады [25, 33]. Осыған орай Абай мектептері желісіндегі қазіргі білім беру парадигмаларын төменде берілген үлгіде ұсынып отырмыз.

| № | Парадигма атауы | Сипаттамасы |
|---|---|---|
| 1 | **Педагогикалық парадигма** | Абай мектептері желісіндегі педагогикалық парадигма. Педагогикалық парадигма аясында әрекет ететін мұғалімнің қызметі тәрбиеге, талап қоюға, білім беруге, рецептураға, мәжбүрлеуге, күнделікті тапсырмалар мен оларды бақылауға бағытталған. Іске қосу құралы – хобби және қызығушылыққа баса назар аудару. |
| 2 | **Андрогогиялық парадигма** | Абай мектептері желісіндегі андрагогиялық парадигма – «ересек адамның, оның қажеттіліктерін білетін (оның ішінде білім беру) және оларды өз қызметінде саналы түрде қанағаттандыра алатын адамның білім беру парадигмасы. Мұндай адам үшін оқыту – бұл өзі жоспарлаған және жүзеге асыратын қызмет.<br>Парадигманың атауы грекше andros – ересек деген сөзден шыққан (сөзбе- сөз: андрагогика – «ересектерге арналған нұсқаулық»). |
| 3 | **Аксеологиялық парадигма** | Абай мектептері желісіндегі аксеологиялық парадигма оқытуды оқыту субъектісіне оның мүмкіндіктерінің шыңына жетуге, оның жеке басының әлеуетін барынша толық жүзеге асыруға көмектесуге бағыттайды. Парадигма атауы грек тілінен шыққан асте-шың, гүлдену. «Акмеологиялық» терминін «Өрлеу ғылымымен |

| | | |
|---|---|---|
| | | байланысты» деп түсіндіруге болады» |
| 4 | **Коммуникативті парадигма** | Абай мектептері желісіндегі коммуникативті парадигма – бұл «өзара оқыту» парадигмасы, ол өзінің қажеттіліктері туралы бірнеше білетін және әрқайсысы өзінің пәндік саласында құзыретті болған кезде, алған жаңа ақпарат пен тәжірибені жедел тарату және қолдану үшін өз жетістіктерімен алмасқан кезде жүзеге асырылады.<br>Коммуникативтік оқытудың ерекшелігі жеке адамның оқу объектілерін іріктеу процесіне белсенді қатысуын және қажеттілігіне қарай оқу субъектісінің оқыту субъектісіне (ол басқаларға қарағанда құзыретті тақырыптар бойынша) ауысуын көздейді. |

### 2.4.16 Абай мектептері желісіндегі педагогикалық инноватиканың негізгі ұғымдары

«Инноватика» қоғамдағы инновациялық үдерістердің өсу қарқынын сезінуге қабілетті заманауи ғылыми ойлардың маңызды бағыты ретінде айқындалады, тиісінше инновациялық үдерісті – жаңашылдықты құру, тарату және меңгеру арқылы білім беруді дамыту үдерісі ретінде түсінк қажет [25, 8].

| № | Ұғымның атауы | Сипаттамасы |
|---|---|---|
| 1 | **Инноватика** | Инноватика – бұл инновациялардың қалыптасуы мен олардың таралуын, сондай-ақ инновациялық шешімдерді әзірлеу тәсілдерін зерттейтін ғылым саласы. Абай мектептері желісіндегі жаңашылдық – жоғары мектептің заманауи педагогикасы қағидаттарының бірімен сабақтастықта құрылған. Сондықтан да Алматы қаласындағы Абай атындағы Республикалық мамандандырылған дарынды балаларға арналған қазақ тілі мен әдебиетін тереңдете оқытатын орта мектеп-интернатының басшылығы мұғалімді даярлауда инновацияларды қабылдауға дайындықты қалыптастыруға және оларды кәсіби қызметінде әзірлеу, іске асыру дағдыларына үйретуге, инновациялардың пайдалылығын бағалауға, олардың одан әрі дамуын болжауға бағытталуы керек. |
| 2 | **Педагогикалық инноватика** | Абай мектептері желісіндегі педагогикалық инноватика – педагогикалық іс-әрекеттің жаңару процесін, оның принциптерін, заңдылықтарын, әдістері мен құралдарын зерттейтін педагогикалық ғылымның саласы. Педагогикалық шығармашылық – өзгермелі жағдайларда педагогикалық мәселелерді шешу процесі. Мұғалімның кәсіби қызметке шығармашылық көзқарасының көрінісі инновация болып табылады. |

| | | |
|---|---|---|
| 3 | **Педагогикалық инновация** | Абай мектептері желісіндегі педагогикалық инновацияны бірнеше тұрғыдан қарастыруға болады:<br>білім беру ортасына жеке бөліктердің, компоненттердің және жалпы білім беру жүйесінің сипаттамаларын жақсартатын тұрақты элементтерді (жаңалықтарды) енгізетін мақсатты өзгеріс;<br>жаңалықты игеру процесі (жаңа құрал, әдіс, әдістеме, технология, бағдарлама);<br>идеал әдістер мен бағдарламаларды іздеу, оларды білім беру процесіне енгізу және оларды шығармашылық қайта қарастыру. |
| 4 | **Білім беру жүйесіндегі инновациялық процесс** | Абай мектептері желісіндегі білім беру жүйесіндегі инновациялық процесс – педагогикалық инновацияларды құру, қабылдау, бағалау, игеру және қолданудың басқарылатын процесі. |
| 5 | **Мұғалімнің инновациялық қызметі** | Абай мектептері желісіндегі мұғалімнің инновациялық қызметі педагогтің өзін-өзі анықтау процестерімен байланысты – жаңалыққа деген көзқарасты қалыптастыру, өзін-өзі өзгерту, өзінің кәсіби позициясы, өзін-өзі жүзеге асырудағы кедергілерді жеңумен байланысты. |
| 6 | **Мұғалімнің инновациялық қызметінің деңгейлері** | Абай мектептері желісіндегі:<br>**бейімделу** мұғалімнің инновацияға тұрақсыз қатынасымен сипатталады. Инновация тек әлеуметтік ортаның қысымымен игеріледі;<br>**репродуктивті** педагогикалық инновацияларға неғұрлым тұрақты көзқараспен, дайын әдістемелік әзірлемелерді кішкене өзгерістермен көшірумен сипатталады. Мұғалім өзін-өзі жетілдіру қажеттілігін түсінеді;<br>**эвристикалық деңгей** үлкен мақсаттылықпен, тұрақтылықпен, инновацияларды енгізу жолдары мен тәсілдерін білумен сипатталады. Мұғалім әрдайым жаңадан ашылған, педагогикалық шешімдердің жаңа тәсілдерін іздейді және енгізеді;<br>**шығармашылық деңгей** инновациялық қызметтің жоғары деңгейімен, проблемаларға жоғары сезімталдықпен және шығармашылық белсенділікпен сипатталады. Мұғалім жаңа ақпаратты мақсатты түрде іздейді, авторлық мектептер жасайды, педагогикалық тәжірибесімен бөліседі және т.б. Интуиция, шығармашылық қиял, импровизация осындай мұғалімдардың қызметінде маңызды орын алады. |
| 7 | **Инновациялық орта** | Абай мектептері желісіндегі инновациялық орта – мектептің білім беру процесіне инновацияларды енгізуді қамтамасыз ететін ұйымдастырушылық, әдістемелік, психологиялық сипаттағы шаралар кешенімен бекітілген белгілі бір моральдық-психологиялық жағдай. |
| 8 | **Абай мектептері желісі инновациялық үдерістердің стратегиясы** | Абай мектептері желісіндегі инновациялық үдерістердің стратегиясы жалпы білім беру жүйесін дамытуды айқындайтын көп деңгейлі үздіксіз білім беру; қолжетімді білім беру; жаһандық кеңістік үшін мамандар даярлау; сапалы білім беру сияқты басым бағыттарға негізделген. |
| 9 | **Абай мектептері желісіндегі** | Абай мектептері желісіндегі инновациялық процестің тактикалық міндеттері білім берудегі инновациялық |

| | | |
|---|---|---|
| | **инновациялық процестің тактикалық міндеттері** | менеджмент әдістерін қолдануға; ғылымның нақты жетістіктерін пайдалануға; білім беру процесін технологияландыруға; кәсіби дайындықтың лингвистикалық аспектісін жүзеге асыруға бағытталған. |
| **10** | **Инновациялық педагогикалық қызмет** | Абай мектептері желісіндегі инновациялық педагогикалық қызмет – бұл педагогикалық тәжірибені түсінуге негізделген және жоғары нәтижелерге қол жеткізу, жаңа білім алу, сапалы басқа педагогикалық тәжірибені қалыптастыру мақсатында оқу процесін өзгертуге және дамытуға бағытталған мақсатты педагогикалық қызмет.<br>Инновациялық педагогикалық қызмет – бұл білім беруді ізгілендірудің стратегиялық жолы, сондықтан жеке тұлғаны тәрбиелеу мен оқытуда еркіндік пен бірегейлік идеясын жүзеге асыру. |
| **11** | **Инновациялық педагогика** | Абай мектептері желісіндегі инновациялық педагогика – бұл дәстүрлі емес идеялар мен принциптер жүйесі, ол «болашақ сын-қатерін» қабылдауға қабілетті жеке тұлғаны дамытуда ең қолайлы жағдай жасау үшін педагогикалық процесті мақсатты түрде жобалауға және ұйымдастыруға мүмкіндік береді. |

Әлеуметтік өмірдің барлық саласындағы түбірлі өзгерістер, ғылым мен мәдениеттегі прогресс, педагогикалық қызмет саласындағы жаңа талаптар білім жүйесіндегі қайта құруды тездете түседі. Бұл салаларды әрі қарай жетілдірудің бірден-бір мүмкін жолы – инновация, яғни педагогикалық жаңалықтарды игеру мен қолдануды басқаратын үрдістер. Бұл білім беру мазмұнына, білім беру және тәрбиелеу әдістеріне, білім беру мекемелерін ұйымдастыру және басқару жұмыстарына байланысты [25, 12].

### 2.4.17 Абай мектептері желісі мұғалімдерінің білім берудегі инновациялардың жіктелуі

Инновация деген не? «Инновация» ағылшын тілінен аударғанда «новацияға кіріспе» дегенді білдіреді. «Инновация» термині антропологиядан экономикаға, сонан соң педагогикаға көшіп, оқыту мен тәрбие жүйесіндегі, оқыту әдістемесіндегі білім беру мекемелерінің практикалық немесе ғылыми әрекетінде туындаған түрлі өзгерістерді зерттеді [25, 12].

| № | Жіктеу белгісі | Инновацияның түрлері |
|---|---|---|
| 1 | **Абай мектептері желісі мұғалімдерінің педагогикалық үдерістегі зерттеу нысаны** | *Білім беру мақсаттары мен мазмұнындағы инновациялар;*<br>*Әдістемелердегі, құралдардағы, әдістемелердегі, педагогикалық үдерістің технологияларындағы инновациялар;*<br>*Оқыту мен тәрбиелеуді ұйымдастыру нысандары мен тәсілдеріндегі инновациялар;*<br>*Әкімшілік қызметіндегі инновациялар, мұғалімлар мен білім алушытер.* |

| | | |
|---|---|---|
| 2 | **Аумағы** | *Жергілікті және жеке, өзара байланысты емес;*<br>*Кешенді, өзара байланысты;*<br>*Жүйелік, желілік мектептерді қамтиды.* |
| 3 | **Абай мектептері желісі мұғалімдерінің инновациялық әлеуеті** | *Жетілдірумен, рационализациялаумен, түрін өзгертумен (білім беру бағдарламасы, оқу жоспары, құрылымы) байланысты белгілі және қабылданған модификациялар);* |

Инновациялық білім беру үдерісінің негізінде педагогиканың екі басты мәселесі жатыр:

- педагогикалық тәжірибені зерттеу мәселесі;
- психология мен педагогика ғыллымының жетістіктерін тәжірибеге енгізу мәселесі.

Білім берудегі инновациялық үдерістің нәтижесі теориялық және тәжірибелік жағынан жаңалықтарды қолдану болып табылады. Білім беру жүйесіндегі инновация білім беру мақсатына орай жаңалықтар енгізуді, жаңа мазмұнды тәсілдер мен тәжірибелер және білім беру формаларын қайта жасауды, жаңа педагогикалық жүйені енгізуді және таратуды, жоғары мектепті басқарудың жаңа технологияларын жасауды және дамытуды көздейді, сондай-ақ, мектеп жаңа білім беру бағытын ұстанғанда, оның мақсаты, мазмұны, әдісі жаңа талаптарға сай болуын жобалайды.

Олардың дамуын екі факторға бөліп қарастырамыз:

- Объективті факторлар – инновациялық әрекеттің қарқынды дамуына жағдай жасау және оның нәтижелерін қабылдауды қамтамасыз ету.
- Субъективті факторлар, бұл инновациялық үдеріс субъектісімен тығыз байланысты. Инновациялық үдеріс субъектілеріне ғалым-педагогтер, мұғалімдер және білім беру саласындағы инновацияға бағытталған әрекетке қатысы бар басқа да қызметкерлер жатады [25, 13].

### 2.4.18 Абай мектептері желісі мұғалімдерінің инновациялық мәдениеттің негізі ретіндегі қабілеттері

| № | Қабілет түрлері | Сипаттамасы |
|---|---|---|
| 1 | **Дидактикалық** | *Абай мектептері желісіндегі білім алушыларға оқу материалын беру, оны қолжетімді ету, материалды немесе проблеманы анық және түсінікті ұсыну, қызығушылық тудыру, білім алушыларда белсенді өзіндік ойды қозғау қабілеті. Дидактикалық қабілеттері бар мұғалім қажет болған жағдайда оқу материалын тиісті түрде қайта құруды, бейімдеуді, оңай, күрделі – қарапайым, түсініксіз, түсініксізді – түсінікті етуді біледі. Кәсіби шеберлікке тек білімді саналы түрде ұсыну, материалды танымал және түсінікті түрде ұсыну ғана емес, сонымен қатар білім алушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыру, өздігінен білім алу, білім алушылардың танымдық белсенділігін ақылды және сыпайы «жүргізу», оны дұрыс бағытқа бағыттау мүмкіндігі де кіреді.* |

| | | |
|---|---|---|
| 2 | **Академиялық** | *Абай мектептері желісіндегі білім алушылардың тиісті ғылым саласына қабілеттілігі. Қабілетті мұғалім пәнді тек оқу пәнінің көлемінде ғана емес, әлдеқайда кең және тереңірек біледі, өз ғылымындағы жаңалықтарды үнемі қадағалап отырады, материалды толығымен еркін біледі, оған үлкен қызығушылық танытады, кем дегенде өте қарапайым зерттеу жұмыстарын жүргізеді.* |
| 3 | **Перцептивті** | *Абай мектептері желісіндегі білім алушының ішкі әлеміне ену қабілеті, оқушының жеке басына және оның уақытша психикалық жағдайына назар аударумен байланысты психологиялық байқау.* |
| 4 | **Сөйлеуі** | *Абай мектептері желісіндегі білім алушының сөйлеу және мимика арқылы өз ойларын, сезімдерін дәл және нақты білдіру қабілеті. Мұғалімнің сөзі әрқашан ішкі күшімен, сенімділігімен, айтқанына деген қызығушылығымен ерекшеленеді. Ойдың өрнегі айқын, қарапайым, түсінікті келеді.* |
| 5 | **Ұйымдастырушылық** | *Абай мектептері желісіндегі білім алушының біріншіден, ұжымды ұйымдастыра білуі, оны біріктіру, маңызды мәселелерді шешуге шабыттандыру, екіншіден, өз жұмысын дұрыс ұйымдастыра білуі керек. Өз жұмысын ұйымдастыруда оны дұрыс жоспарлауға және басқаруға мүмкіндік береді.* |
| 6 | **Авторитарлық** | *Абай мектептері желісіндегі білім алушыларға тікелей эмоционалды және ерікті әсер ету қабілеті мен осы негізде олардың беделіне қол жеткізу мүмкіндігі. Авторитарлық қабілеттер мұғалімнің жеке қасиеттерінің тұтас кешеніне, атап айтқанда оның ерік-жігеріне (батылдық, шыдамдылық, табандылық және т.б.), сондай-ақ өзінің жеке басының сезіміне байланысты болады.* |
| 7 | **Коммуникативті** | *Абай мектептері желісіндегі білім алушылармен қарым-қатынас жасау қабілеті, оларға дұрыс көзқарас таба білу, педагогикалық тұрғыдан орынды қарым-қатынас орнату, педагогикалық әдептіліктің болуы.* |
| 8 | **Болжамдық** | *Абай мектептері желісіндегі білім алушылардың жеке басын тәрбиелік жобалаудағы олардың іс-әрекеттерінің салдарын алдын ала болжауда, болашақта білім алушыдан не алынатыны туралы идеямен байланысты, білім алушылардың белгілі бір қасиеттерінің дамуын болжау қабілетінде көрініс табатын қабілет.* |
| 9 | **Зейінді болу мүмкіндігі** | *Абай мектептері желісіндегі білім алушылардың бір уақытта бірнеше қызмет түрлері арасында назар аудару қабілеті мұғалімнің жұмысы үшін ерекше мәнге ие. Қабілетті, тәжірибелі мұғалім мазмұны мен нысаны материалды баяндау үшін өрістету, өз ойын, сол уақытта назарын барлық білім алушылардың мұқтаждарына ілтипатпен жауап береді, мұқият қадағалайды* |

Оқушының мектептегі және отбасындағы жай-күйі де жалғызбастылыққа әкелу қорқынышын тудыруда. «Жақсы оқушы болу үшін жақсы адам болу міндетті емес», – деген қағида орын алуда. Мұны қалай жақсартуға болады? Тек қана адамның табиғатын жақсарту қажет болар. Э.Фроммның сөзімен

айтсақ: «Қоғамды өзгерту үшін басқа адамды тәрбиелеу керек. Басқа адамды тәрбиелеу үшін қоғамды өзгерту керек» [25, 13]. Сондықтан, ең алдымен, Абай мектептері желісі мұғалімдерінің инновациялық мәдениетін қалыптастырған дұрыс.

### 2.4.19 Абай мектептері желісінде оқытудың инновациялық кәсіби қызметінің компоненттері (автор, әзірлеуші, зерттеуші, жаңа педагогикалық технологияларды пайдаланушы және насихаттаушы, теория және тұжырымдама ретінде).

| № | Компоненттері | Сипаттамасы |
|---|---|---|
| 1 | **Құндылықты-мотивациялық компонент** | **Абай мектептері желісіндегі құндылықты-мотивациялық компонент** инновацияға оң мотивация кәсіби қызығушылықпен, өзіндік инновациялық қызмет мақсаттарының қалыптасуымен, инновацияларға сезімталдықпен, жаңасын құру мен қолдану қажеттілігімен, мұғалімның педагогикалық шеберлігін арттырумен анықталады. |
| 2 | **Танымдық-ақпараттық компонент** | **Абай мектептері желісіндегі танымдық – ақпараттық компонент** мұғалімның кәсіби білімдерінің жиынтығын көрсетеді (психологиялық-педагогикалық, нақты-пәндік, әдістемелік, арнайы). Арнайы білімге мұғалімға инновациялық қызметті жүзеге асыру үшін қажет білім, атап айтқанда: жоғары сыныпта білім берудегі инновациялар, инновациялық педагогикалық процестердің тиімділігінің заңдылықтары, принциптері мен шарттары, инновациялық педагогикалық қызметтің мәні, құрылымы мен ерекшеліктері, қазіргі педагогикалық технологиялардың ерекшеліктері туралы білімі кіреді. |
| 3 | **Операциялық - әрекеттік компонент** | **Абай мектептері желісіндегі операциялық-әрекеттік компонент** мұғалім өзінің кәсіби қызметінің құрылымында оқытудың заманауи нысандарын, әдістерін, құралдары мен технологияларын қолдану бойынша біліктері мен дағдыларының кешенін көрсетеді. |
| 4 | **Шығармашылық компонент** | **Абай мектептері желісіндегі креативті компонент** педагогикалық инновацияларға қатысты ашықтық; икемділік, сыни ойлау; шығармашылық қиял арқылы көрінеді. Педагогикалық креативтіліктің белгілері: әлеуметтік және адамгершілік сананың жоғары деңгейі; ізденіс-түрлендіруші ойлау стилі; дамыған зияткерлік-логикалық қабілеттер; проблемалық пайымдау; шығармашылық қиял, дамыған қиял; ерекше мотивтер (танылуға деген ұмтылыс, шығармашылық қызығушылық, өзінің педагогикалық жұмысының нақты жағдайларында барынша нәтижелілікке қол жеткізуге ұмтылу), коммуникативтік қабілеттер өзін-өзі басқару қабілеті, жалпы мәдениеттің жоғары деңгейі. |

### 2.4.20 Абай мектептері желісі білім беру нәтижелері

| | | |
|---|---|---|
| 1 | **Абай мектептері желісіндегі білім алушылардың академиялық іскерліктері** | *академиялық оқылым сауаттылығы*<br>*академиялық жазылым сауаттылығы*<br>*академиялық өнер көрсету (пәндік, метапәндік, пәннен тыс).* |
| 2 | **Абай мектептері желісіндегі білім алушылардың сауаттылығы** | *коммуникативтік сауаттылық*<br>*ақпараттық сауаттылық*<br>*жаһандық (мәдениетаралық) сауаттылық*<br>*өзіндік менеджмент.* |
| 3 | **Абай мектептері желісіндегі халықаралық зерттеулер контекстіндегі сауаттылық (PISA, TIMSS, PIRLS)** | *оқу сауаттылығы*<br>*математикалық сауаттылық*<br>*жаратылыстану сауаттылығы (PISA, TIMSS, PIRLS)* |
| 4 | **Абай мектептері желісіндегі білім алушылардың функционалдық сауаттылығы** | *Оқу сауаттылығы*<br>*Математикалық сауаттылық*<br>*Жаратылыстану сауаттылығы*<br>*Цифрлық сауаттылық*<br>*Тарихи сауаттылық*<br>*Құқықтық сауаттылық*<br>*Қаржылық сауаттылық*<br>*Медициналық сауаттылық*<br>*Тілдік сауаттылық*<br>*Экономикалық сауаттылық*<br>*Валеологиялық сауаттылық*<br>*Философиялық сауаттылық*<br>*Этикалық сауаттылық*<br>*Эстетикалық сауаттылық*<br>*Зерттеушілік сауаттылық*<br>*Рефлексивті сауаттылық*<br>*Сыни ойлау сауаттылығы.* |

Білім берудің басты міндеті: әрбір адамның генетикалық негіздегі қабілеттерін дамытуды барынша қамтамасыз ету, адамдарды сыни ойлауды дамыту, оларды қазіргі ғылым, техника, технологиядағы ннақты білімдермен қаруландыру, өзгермелі табиғижағдайда осы білімдерді тиімді пайдалануды ұйымдастыру. Осы заманғы білім берудің мақсаттары: оқушыға танымға, үйренуге, дұмыс жасауға үйренуге, өзімен-өзң келісімді болуға үйренуге көмектесу [25, 23].

### 2.4.21 Абай мектептері желісі білім алушыларының базалық және әлеуметтік құзыреттері білім беру нәтижесі

| | | |
|---|---|---|
| 1 | **Абай мектептері желісі білім алушыларының базалық және әлеуметтік құзыреттері** | *ана тіліндегі жазбаша және ауызша байланыс;*<br>*сынға және өз-өзіне сыни қарауға қабілетті болу;*<br>*командада жұмыс істеу қабілеті (соның ішінде пәнаралық);*<br>*тұлғааралық қарым-қатынас дағдылары;*<br>*басқа саладағы мамандармен қарым-қатынас жасай алу қабілеті;*<br>*айырмашылықтар мен көп мәдениетті қабылдау;*<br>*халықаралық ортада жұмыс істей алу қабілеті;*<br>*шетел тілдерін білуі;*<br>*этикалық құндылықтарды сақтау;*<br>*ұйымдастыру және жоспарлау, шешім қабылдау қабілеті;*<br>*жаңа жағдайларға бейімделу мүмкіндігі;*<br>*көшбасшылық;*<br>*жобаларды әзірлеу және басқару;*<br>*бастамашылық және кәсіпкерлік рух;*<br>*сапа туралы қамқорлық, табысқа ұмтылу.* |
| 2 | **Абай мектептері желісінің жоғары сыныптарда сабақ өткізетін мұғалімдерге қойылатын жалпы талаптар** | *жоғары кәсіби құзыреттілік;*<br>*педагогикалық құзыреттілік;*<br>*әлеуметтік-экономикалық құзыреттілік;*<br>*коммуникативтік құзыреттілік;*<br>*кәсіби және жалпы мәдениеттің жоғары деңгейі.* |
| 3 | **Мұғалім қызметінің ережелері** | *Абай мектептері желісінің мұғалімі келесі ережелерді басшылыққа алса аудиторияда қажетті атмосфераны қалыптастыра алады:*<br>*оқу процесінің басынан және сабақ өткізудің бүкіл барысында мұғалім білім алушыларға толық сенім білдіруі керек;*<br>*мұғалім білім алушыларға топтардың алдында да, әрбір білім алушының алдында да жеке тұрған мақсаттар мен міндеттерді тұжырымдауға және нақтылауға көмектесуі тиіс;*<br>*мұғалім әрқашан білім алушылардың оқуға деген ішкі уәжі бар екендігіне негізделуі керек;*<br>*мұғалім білім алушылар үшін әртүрлі тәжірибенің қайнар көзі ретінде әрекет етуі керек, одан белгілі бір мәселені шешуде қиындықтарға тап болған кезде көмек сұрай аласыз;*<br>*мұғалім топтың эмоционалды көңіл күйін сезіну және оны қабылдау қабілетін дамытуы керек;*<br>*мұғалім топтық өзара әрекеттестіктің белсенді қатысушысы болуы керек;*<br>*топта өз ойларын ашық білдіруі керек;*<br>*әр оқушының ойы мен тәжірибелерін түсінуге мүмкіндік беретін эмпатияға қол жеткізуге тырысу керек;*<br>*мұғалім өзін жақсы түсінуі керек.* |

Ғылымның қазіргі әдіснамасы, соның ішінде педагогикалық әдіснама да терояның негізін құрайтын бірнеше құрылымдардан тұрады:

- фактологиялық материалдың бастапқы эмприкалық негізі, ол теориялық түсіндірмені талап етедң;
- бастапқы теориялық негіз, ол зерттеу объектісін суреттейтін алғашқы болжамдардан және теориялық тұжырымдардан тұрады;
- теорияның логикасы мен құрылымы;
- эмпикалық дәлелдері бар теориялық пайымдаулар жиынтығы;
- педагогикалық теорияны қалыптастырудың әдіснамалық негізі, ол зерттелетін объекті мен оның теориялық моделін суреттеумен байланысты.

Методология «грек тілінен аударғанда «әдіс туралы ғылым» деген мағынаны береді. Сондықтан методология – зерттеу үдерісі туралы ілім ретінде де түсіндіріледі.

## АБАЙ ЖЕЛІЛІК МЕКТЕПТЕРІНДЕ БАСШЫЛЫҚҚА АЛЫНУЫ КЕРЕК

**1. Абайша ойлау, білім алушылар мен педагогтердің «Толық адам» іліміне сай болуы**

**2. Абай Құнанбайұлының құндылықтарын басшылыққа алу**

**3. Абай Құнанбайұлының көшбасшылығы**

**1. «Абайша ойлау» білім алушылар мен педагогтердің «Толық адам» іліміне сай болуы**

Абай – тума талант, данышпан, хакім әл-Фарабидің философиялық ғылым көздері, Жүсіп Баласағұнидың мораль философиясы, Қожа Ахмет Ясауи, Бақырғани Сүлейменнің сопылық ілім негіздері, т.б. ғұламалардың еңбектері арқылы өз ілими мектебін жасақтады.

Ұлы Абайдың «Толық адам» ілімінде: «Ғалым болмай немене, балалықты қисаңыз», «Артық ғылым кітапта, ерінбей оқып көруге», – дегендей, ақын ойлары ғылым-білімге үлкен мағына бергенін дәлелдейді. Сондай-ақ берілген ойға қарама-қарсы мағынада надандық, білімсіздік, қараңғылықты кінәлады. Абай білімнің неғұрлым тереңін көздеді.

«Толық адам» бойындағы қасиеттердің ең негізгісі – ізгілікті алға тартты. «Толық адам» концепциясына этикалық бағытының негізіне: ғылым, рақым, ғадәлет ерекшеліктерін алады. Осы үшеуінің басын қосып, ізденіп

толық игерген адам ғана «Толық адам» қатарына қосылуы мүмкіндігі айтылады.

Абайдың «Толық адам» үлгісіне академик, заңғар тұлға Салық Зиманов пен халық жазушысы Герольд Бельгерді, академиктер Тұрсынбек Кәкішевті, Мекемтас Мырзахметовті лайықты деп санауға болады. Тұлғалардың өміріне, істеген істеріне үңілсек, «елім» деп, «егемендігім» деп, тіршілігінде тек шындықты айтып шырылдап, білікті ұсыныс-идеяларды айтып та, жазып та кеткен.

Бүгінгі білім алушылар Абайдың «Толық адам» іліміне лайықты болуы шарт. Тек тәуелсіз ой ғана кемел істерге бастайды. «Толық адамға» биліктің де, байлықтың да керегі жоқ. Дүниенің қызықтарын, нәпсіні, басқаны ұмытып, тек еліне, халқына қызмет етуді ойлайды, ел игілігі жолында барын салады. Оның бойы рухани тазарған кезде алтыншы сезімі ашылуы мүмкін, сол кезде өзі ойламаған мүмкіндіктерге қол жеткізе алады.

Абайды оқу, тану, ойларының тереңіне үңілу, маржанын теру – ойшылдың ой өркениетіне мойын бұру. Сонда ғана рухани биіктікке қолымыз жетпек, сонда ғана жаңа өркениет есігінен «Толық адам» ретінде аттай аламыз.

Кемеліне келген «Толық адам» өзінің біліктілігі сонша жоғары болғандықтан ол адамзат алдына, жалпы әлемге бағалы, өте құнды рухани дүниелер, жаңалықтар алып келеді, жаңа өркениетке жол ашады. Генийлер де осылардан шығады.

Қазақстан Республикасының инновациялық даму факторы ретінде адами капиталды қалыптастыру үшін гуманитарлық бағытта дарынды балалар мен талантты жастарды анықтаудың, дамытудың және сүйемелдеудің бірыңғай қазіргі заманауи жүйесін құру керек.

## 2. Абай Құнанбайұлының құндылықтарын басшылыққа алу

Білім беру үдерісінде Абай Құнанбайұлының құндылықтарын басшылыққа алған жөн.

Абай Құнанбайұлының этика-эстетикалық құндылықтарға қатысты атаулардың (өнер, өнерпаз. Әсемпаз, кербез, сағыну (хас сағыну) лексикографиялануна тоқталсақ. Ақын шығармаларында кездесетін **этикалық құндылықтар** Абай желілік мектебіндегі білім алушылар бойынан табылуы керек. Этикалық құндылықтарға: адамгершілік пен адалдықты жатқызуға болады. Ақын шығармаларында кездесетін **адамгершілік құндылықтарына:** махаббат, ізгілік, әділет, пайымдылық, ақыл-парасат, ғылым, білімді жатқызсақ, **адалдыққа:** абырой, рақым, ынсап, достық, имандылық, мейірбандылықты жатқызуға болады.

Абай Құнанбайұлының шығармаларындағы: арсыздық, жалқаулық, арамдық, еріншектік, алаяқтық, зымияндық, алдау, бақталастық сынды **антиқұндылықтардан** білім алушылардың бойын аулақ ұстатқан жөн.

Абай Құнанбайұлы үшінші қарасөзінде антиқұндылықтардың мағынасын матастыра байланыстырып, аша түседі.

Білім беру барысындағы тәрбие үдерісінде төменде берілген Абайдың семантикалық спиралін басшылыққа алу ұсынылады.

**Семантикалық спираль**

| | |
|---|---|
| Жалқау [кім] қорқақ | Арсыз [кім] тойымсыз |
| Қорқақ [кім] қайратсыз | Тойымыз [кім] сұрамсақ |
| Қайратсыз [кім] мақтаншақ | Сұрамсақ [кім] ақылсыз |
| Мақтаншақ [кім] надан | Ақылсыз [кім] өнерсіз |
| Надан [кім] арсыз | Өнерсіз [кім] еріншек |

Абай Құнанбайұлының шығармаларындағы **амбивалентті құндылықтарға:** бірлік, байлық, билік, күлкі, қайғы, той, тірлік, уайымды жатқызуға болады.

Абай мектептері желісіндегі **биліктің** когнитивтік санадағы биоәлеуметтік моделіндегі **субъектінің** бойында болуы керек қасиеттері:

**Қайрат:** мал табу, өнер табу, нәпсіге, жалқаулыққа бой алдырмақ;

**Ақыл:** пайда, залалды ажырату, ғылым-білім – ақыл ісі, амал-айланың оңы да, терісі де ақылдан.

**Жүрек:** әділет, ынсап, ұят, намыс, рақым, мейірбандық, жаңалыққа қуану, жамандыққа қайғыру.

Абай Құнанбайұлының шығармаларында кездесетін этикалық-моральдік құндылыққа – ұятты жатқызып, оның тілдік мұрасындаға ұятты төмендегінше бөліп қарастыруға болады:

**Инвариант** – адам бойындағы ізгі сезім, адамгершілік;

**Вариант** – шын ұят, қазақы ұят.

**Вариация** – жай ұят.

Абай Құнанбайұлының шығармаларында кездесетін ұят мәселесі: «Шын ұят – сондай нәрсе, шариғатқа теріс, я ақылға теріс, бұйырлы бойға теріс... Я адамшылыққа кесел қылып, қатеден яки нәпсіге еріп ғапылдықтан өз бойыңнан шыққандығынан болады. Мұндай ұят қылық қылғандығыңды бөтен кісі білмесе де, өз ақылың, өз нысабың, өзіңді сөккен соң, іштен ұят келіп, өзіңе жаза тарттырады. Кірерге жер таба алмай, кісі бетіне қарай алмай біртүрлі қысымға түсесің. Мұндай ұятты күшті адамдар ұйқыдан, тамақтан қалатұғыны да бар», – деген.

**3. Абай Құнанбайұлының көшбасшылығы**

Білім беру үдерісінде Абайдың көшбасшылығын басшылыққа алу керек. Бұнда Абай Құнанбайұлы ғылымға көңіл бөлген адам өмірден адаспайтындығын айтады.

Абайдың өзі – ғылым. Абай: «Кімде кім ғылым сатып, мал табатын болса – онда оның көбінің ғылымға деген махаббаты асырап алған шешенің махаббатындай ғана болады» деген екен. Ниетің мал табу болса – ғылым сені есігінен ашпаған абзал. Мәшһүр Жүсіп атамыз: «Біреулер ит өлген жерге барып 12-15 жыл оқып келеді, бірақ жүректерінде дүниеге деген махаббаты

болса – Алла тағала ол ғылымды айдап шығарады» десе, Міржақып Дулатов: «Бізде ғылыммен айналысатындар – көп, ғалымдар – жоқ. Қалам ұстағандар – көп, жазушылар – жоқ. Атқа мінгендер – көп, қайраткерлер – жоқ» деген. .

Абайдың «Бала дүниеге келгенде екі түрлі мінезбен туады: бірі – ішсем-жесем, ұйықтасам, екіншісі – көрсем, білсем деп келеді. Бірі тәннің, екіншісі жанның құмарлығы. «Ертең жақсы ақша табасың» деген тәннің қалауы.

Абай «Махаббат жоқ жерде талап та, ұғым да жоқ» дейді.

Абай: «Ғылым – мал аяйтын жол емес» дейді. Мұғалім деген – ғылым иесі деген сөз. Мұғалімге деген көзқарасымыз қандай болса, ғылымға деген көзқарасымыз сондай.

Абай Құнанбайұлының есімі сақталып қалу себебі оның ғылымға ден қоюында. Абай «Қашан бір бала ғылымды махаббатпен көксерлік болса – сонда ғана оның аты адам болады. Сонда ғана Алланы, дүниені, өзіңді танисың» дейді.

**Абайды оқимыз, бірақ түсінбейміз.** Абайдың махаббатқа негізделген әдістемесі негізінде ұлттық білім беру жүйесін жасамаймыз ба? Онда ұлттық білім беру жүйесінде – білім беру емес, мінезді қалыптастыру керек.

Әлихан Бөкейхан «Ұлтты сүю – білімнен емес, мінезден» дейді.

Бастағы білім – көпшілік қауымға арналған пайдасыз білім, жүректегі білім – нағыз білім. Білім жүрекке түскен кезде адамды өзгерте бастайды.

Абайды мектепте, университетте оқыса да түсінбейтіндер кездеседі. Яғни бұл жерде рационалды оқимыз, ондайларды Абай наданға теңеген.

Рационалды білімді қазақ «оқу» десе, пайдалы білімді «тоқу» дейді. Бұл жерде Абайды негіз етуіміз керек. Ол «Егер сен өзің үшін оқысаң – өзі үшін оттаған хайуанмен тең боласың» дейді.

Абай «Қашан адам ғылымның өзін дәулет деп түсінбейінше – ол ғалым бола алмайды». Санаға өзгерту енгізу керек. **Балаға байлық деген ғылым екенін түсіндіре алуымыз қажет.**

Жапондар **ғылымды байлық деп есептейді**. Абайдың «Дүние де – өзі, мал да – өзі, ғылымға көңіл бөлсеңіз» деген сөзінде терең мән жатыр.

# 3 АБАЙ МЕКТЕПТЕРІ ЖЕЛІСІН ДАМЫТУДЫҢ БАҒЫТТАРЫ

Қазақстанда мектептегі білім беру жаңа кезеңнің алдында тұр. Осыған байланысты Абай мектептері желісінде Қазақстан Республикасында Білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында айқындалған міндеттерді жүзеге асыру көзделген.

Абай мектептері желісін дамытудың нысаналы индикаторлары төмендегі кестеде берілген.

**Нысаналы индикаторлар:**

| индикатор | 2020-2021 | 2021-2022 | 2022-2023 | 2023-2024 | 2024-2025 |
|---|---|---|---|---|---|
| **үлгерімі «жақсы» және «үздік» білім алушылардың үлесі (оқытудың сапасы)** | 73% | 76 % | 79 % | 83 % | 89 % |
| **гуманитарлық пәндер бойынша білім беру оқу бағдарламаларын жетік меңгерген білім алушылардың үлесі** | 45% | 56% | 64% | 73% | 81% |

Алға қойылған мақсаттарға жету үшін төмендегідей міндеттерді шешу қажет және ол міндеттерге қол жеткізу мынадай көрсеткіштермен өлшенетін болады:

1. Педагог кәсібінің мәртебесін көтеру және педагогтердің біліктілік сапасын арттыру, үздіксіз ынталандыру

| Нәтижелер көрсеткіші | 2020-2021 | 2021-2022 | 2022-2023 | 2023-2024 | 2024-2025 |
|---|---|---|---|---|---|
| **педагогтердің жалпы санынан педагог-зерттеушілер, шебер педагог қызметкерлердің үлесі – 50,4%;** | 38% | 43% | 50% | 58% | 63% |
| **білім беру мазмұнын жаңарту бойынша курстардан өткен педагог қызметкерлердің үлесі** | 91% | 94% | 96% | 97% | 98% |
| **педагог қызметкерлердің еңбегін ынталандыру (Құрмет грамоталары, Алғыс хаттар, бағалы сыйлықтар, қаржылай сыйақылар, т.с.с.)** | 45% | 50% | 55% | 65% | 70% |

2. Білім беру мазмұнын жаңарта отырып жаңартылған білім беру моделіне көшуді жүзеге асыру

| Нәтижелер көрсеткіші | 2020-2021 | 2021-2022 | 2022-2023 | 2023-2024 | 2024-2025 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Жаңартылған білім беру мазмұнымен қамтылған білім алушылар үлесі** | 100% | 100% | 100% | 100% | 100% |
| **оқыту процесінде АКТ-ны пайдалану** | 100% | 100% | 100% | 100% | 100% |
| **1 компьютерге келетін білім алушылардың саны** | 5 | 4 | 3 | 2 | 1 |

3. Халықаралық тәжірибелерді ескере отырып, білім сапасын сыртқы және ішкі бағалауды арттыру

| Нәтижелер көрсеткіші | 2020-2021 | 2021-2022 | 2022-2023 | 2023-2024 | 2024-2025 |
|---|---|---|---|---|---|
| **менеджмент саласында біліктілігін арттырған және қайта даярлаудан өткен мектеп әкімшілігінің үлесі** | 50% | 75% | 100% | 100% | 100% |
| **Абай мектептері желісінде электрондық оқыту жүйесі пайдаланылады** | 100% | 100% | 100% | 100% | 100% |
| **Қамқоршылық кеңес құрылған және жұмыс жасайды** | 100% | 100% | 100% | 100% | 100% |
| **сервистік қызмет көрсететін жаңа модификациялы лингафонды кабинеттерінің жаңартылуы** | 21% | 35% | 40% | 49% | 55% |
| **ата-аналардың жалпы санынан қоғамдық іс-шараларға қатысатын ата-аналардың үлесі** | 43% | 47% | 52% | 64% | 69% |
| **оқу жетістіктерін сырттай бағалауға, халықаралық бағалауларға,PISA зерттеуіне қатысу** | Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі мен облыстық білім беру басқармасының жоспарында белгіленген мерзімге байланысты | | | | |

4. Білім алушылардың бойында «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында көрсетілген жалпыұлттық рухани-адамгершілік құндылықтарын және салауатты өмір салты мәдениетін, әлеуметтік жауапкершілікті, көшбасшылық қасиеттерді қалыптастыру жөніндегі шаралар кешенін іске асыру

| Нәтижелер көрсеткіші | 2020-2021 | 2021-2022 | 2022-2023 | 2023-2024 | 2024-2025 |
|---|---|---|---|---|---|
| **жастардың жалпы санынан білім саласы мен патриоттық тәрбие саласындағы іс-шараларды іске асыруға белсенді түрде қатысатын жастардың үлесі** | 75% | 80% | 85% | 90% | 95% |
| **білім алушылардың жалпы санынан мектеп-интернаттағы спорт секциялары мен қызығушылыққа байланысты үйірмелер қызметімен қамтылған білім алушылардың үлесі** | 70% | 75% | 80% | 85% | 90% |

## Абай мектептері желісіндегі педагог мәртебесі

Педагог мамандардың беделін және сапалық құрамын арттыру, жоғарғы білікті кадрлармен қамтамасыз ету, олардың еңбегін ынталандыруды күшейту.

**Мақсаты:** педагог мамандығының беделін арттыру.

**Міндеттері:**

1. Педагог мамандардың сапалық құрамын арттыру;

2. Мектеп-интернатты жоғары білікті кадрлармен қамтамасыз ету;

3. Педагог қызметкерлердің еңбегін қолдау мен ынталандыруды күшейту.

Педагогтерге қойылатын талаптар күшейтіледі.

Бағдарламаны жүзеге асыру барысында педагогтердің жалпы санынан «педагог-зерттеушілер», «шебер педагог» қызметкерлердің үлесі 2020-2021 оқу жылы – 38%, 2021-2022 оқу жылы – 43%, 2022-2023 оқу жылы – 50%, 2023-2024 оқу жылы – 58%, 2024-2025 оқу жылы – 63%-ға жетеді.

Білім беру мазмұнын жаңарту бойынша педагог қызметкерлер арнайы курстардан өтеді. Барлық пән мұғалімдерін түгел осы курстардан өткізу қарастырылады. Бағдарламаны іске асыру мерзімі біткен уақытта 0%-дан 100%-ға жеткізу көзделген.

Педагогтердің кәсіби құзіретін арттыру мақсатында жыл сайын кемінде 2 педагог озық тәжірибелі шет мемлекеттерге барып, арнайы курстардан, тәжірибе сыныптарынан өтетін болады.

Педагог қызметкерлердің еңбегін қолдау мен ынталандыруды күшейту жүзеге асады. Нәтижелі еңбек еткен педагог қызметкерлерді марапаттау жүйелі жүргізілетін болады.

Өздігінен білім алу және өзін-өзі жетілдіру педагог портфолиосында көрінетін қызметінің ажырамас бөлігі болып табылады.

Педагогтерді аттестаттау, мұғалім білімін тестілеу, оқу-әдістемелік қызметі туралы есеп беруінен тұратын, мүдделі адамдар (білім алушылардың ата-аналары) мен жұртшылықтың пікірлері мен рәсімдерінен тұратын жинақтық бағалау негізінде жүргізіледі.

Мұғалімнің кәсіби беделін көтеру мақсатында қоғамда педагогтің оң имиджін қалыптастыру жұмысы жүргізілетін болады: «Жыл мұғалімі», «Үздік педагог» конкурстары, «Дарынды балаға – талантты ұстаз» олимпиадасы, БАҚ-пен ортақ жобалар, шеберлік сыныптары, жаңашыл педагогтер форумдары, конкурстар, ғылыми-педагогикалық семинарлар мен симпозиумдар, семинар-тренингтер және дөңгелек үстелдер.

## Абай мектептері желісін дамытудағы орта білім беру

**Мақсаты**: Қазақстан Республикасының білімді функционалдық және шығармашылық тұрғыдан қолдана білетін, сыни ойлау қабілеті дамыған азаматтарын қалыптастыру

**Міндеті:** білім беру мазмұнын жаңарта отырып, жаңартылған білім беру моделіне көшуді жүзеге асыру.

**Нысаналы индикаторлар:**

1) үлгерімі «жақсы» және «үздік» білім алушылардың үлесі (оқытудың сапасы) 2021 жылы – 73 %, 2022 жылы – 76 %, 2023 жылы – 79 %, 2024 жылы – 83 %, 2025 жылы – 89 %;

2) гуманитарлық пәндер бойынша білім беру оқу бағдарламаларын жетік меңгерген білім алушылардың үлесі 2020-2021 оқу жылы – 45%, 2021-2022 оқу жылы – 56%, 2022-2023 оқу жылы – 64%, 2023-2024 оқу жылы – 73%, 2024-2025 оқу жылы - 81%.

Ғалымдардың зерттеулері бойынша жаңа қоғамдық формациядағы мектеп пен мұғалімдер алдында тұрған негізгі мәселелер «Баланы оқуға қалай үйрету керек?» «Ойлауға қалай үйрету керек?» «Қалай өз өмірінің менеджері болуға үйрету керек?» деген сұрақтарға жауап табатындай білім нәрін беруге бағытталып отыр.

Жаңартылған білім жүйесіне көшуде мектеп алдында негізігі үш бағытты басшылыққа алады. Олар: бірінші бағыты – оқушының жеке қабілетін есепке ала отырып жеке даралық бағытта оқыту, екінші бағыты – оқушының потенциалдық мүмкіндіктерін есепке ала отырып жеке даралық бағытта оқыту, үшінші бағыты – ішкі қажеттіліктерді есепке ала отырып жеке даралық бағытта оқыту.

Негізгі және орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары (бұдан әрі – МЖМББС) бекітіледі. Онда білім беру мазмұнын жаңартуға байланысты жаңалықтар енетін болады. МЖМББС коммуникативтік дағдыларды, ақпараттар мен технологияларды басқара білуді, проблемаларды шешуді, іскерлік пен креативтілікті қалыптастыратын білімді алудағы тұлғаның дамуын, дербестігін қамтамасыз ететін нәтижеге бағытталады.

Жаңартылған білім берудің мазмұны басымдылығы функционалдық сауаттылыққа бағытталатын болады.

Гуманитарлық бағыттағы Абай мектептері желісі «Қазақ тілі», «Қазақ әдебиеті» және «Абайтану» пәндерін жаңартылған мазмұндағы тереңдетілген бағдарлама негізінде оқитын болады.

Жаңартылған білім беру жүйесін енгізу арқылы білім алушыларға түсетін салмақ жеңілдетілетін болады. Мектеп-интернаттың оқу процесіне жаңартылған білім беру жүйесін енгізу Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің жоспарында белгіленген мерзімге байланысты жүзеге асырылатын болады.

Абай мектептері желісінің оқу жүктемесінің санына байланысты алты күндік оқу аптасымен оқиды.

15 жасқа толған білім алушыларды ОЖСБ-ға дайындау, оқу сауаттылығы және математикалық сауаттылық бойынша PISA халықаралық зерттеуге қатысуға дайындау жүргізіледі.

Білім алушыларды аралық және қорытынды аттестаттаудан өткізу оңтайландырылады. Мектеп бітіруші түлектердің мамандық таңдау бағытындағы жұмыстары Абай мектептері желісінің психологиялық диагностикалауымен жүзеге асырылып, кәсіптік бағдар беріледі.

Білім алушылардың оқу жетістіктерін сырттай бағалау жүйесі әлемдік тәжірибені ескере отырып дамиды. Ұлттық тестілеу негізгі мектепті бітіргеннен кейін өткізіледі.

Мектептерде спорт секцияларын құру арқылы дене шынықтыруды ұйымдастырудың мектептен тыс нысандары жетілдірілетін болады.

Дарынды балаларды қолдау мақсатында республикалық, халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жарыстарға, конкурстарға, турнирлер мен ойындарға қатысуы қамтамасыз етіледі.

Абай РММИ базасында дәстүрлі түрде Республика көлемінде «Абайтану» олимпиадасы, «Ділмар» шешендік өнер байқауы, «Абай әлемі» онлайн шығармашылық байқауы және білім алушылар айтысы өткізіледі. Абай мектептері желісі білім алушылары арасында осы байқаулар арқылы шығармашылық байланыс қалыптасады.

**Абай мектептері желісіндегі білім беру менеджменті**

**Мақсаты:** білім беруді басқаруды жетілдіру.

**Міндеттері:**

1. Білім берудегі менеджментті жетілдіру, оның ішінде командалық басқару принциптерін енгізу.
2. Білім беруді дамытудың мониторинг жүйесін жетілдіру, оның ішінде халықаралық талаптарды ескерту.

**Нысаналы индикаторлар:**

1) менеджмент саласында біліктілігін арттырған және қайта даярлаудан өткен мектеп-интернат әкімшілігінің үлесі 2020-2021 оқу жылы – 50%, 2021-2022 оқу жылы – 75%, 2022-2023 оқу жылы – 100%; 2023-2024 оқу жылы – 100%; 2024-2025 оқу жылы – 100%;

2) ата-аналардың жалпы санынан қоғамдық іс-шараларға қатысатын ата-аналардың үлесі 2020-2021 оқу жылы – 43%, 2021-2022 оқу жылы – 47%, 2022-2023 оқу жылы – 52%; 2023-2024 оқу жылы – 64%; 2024-2025 оқу жылы – 69%;

3) Білім беруді басқарудың түрлі деңгейіне қоғамның қатысуы қамқоршылық кеңес түрінде жүзеге асырылады.

Командалық басқару принциптері басқарушылық қызметтің 3 негізгі аспектісін көздейді: стратегияны қабылдау, бюджетті бекіту, кадр саясаты.

2020 жылдан бастап Абай мектептері желісі әкімшілігі мен педагогтерден басқарудың жаңа дағдыларын, қайта даярлау мен біліктілікті арттыруды талап ететін нәтижеге бағдарланған жоспарлау жүйесі енгізілетін болады.

Тәрбие жұмысы саласында мектеп-интернатта тәрбие жұмысын жоспарлау, мониторинг жүргізу, нәтижелерді бағалау және бақылау жүйелерін жетілдіру, сонымен қатар, басқару жүйесін күшейту бойынша шаралар қабылданатын болады.

Барлық деңгейде білім беру сапасын бағалаудың ұлттық жүйесін енгізу жалғастырылады. Мониторингтік зерттеулер жүргізетін болады.

Білім алушылар мен мұғалімдердің жеке рейтингісін есептеу жолға қойылатын болады. Барлық ақпараттар қолжетімді болуы үшін Абай мектептері желісінің сайтына орналастыру жоспарланады және жүзеге асады.

Медициналық қызмет көрсету мен мектептегі тамақтанудың тиімді менеджменті ұйымдастырылады.

**Абай мектептері желісіндегі электрондық оқыту жүйесі**

**Мақсаты:** педагогтер мен білім алушылардың коммуникациялық қажеттіліктерін қамтамасыз ету.

**Міндеті:**

Оқу процесін автоматтандыруды енгізу үшін жағдай жасау.

**Нысаналы индикатор:**

Мектеп-интернатта электрондық оқыту жүйесі қолданылады (2020 жылы -100%, 2021- 100%, 2022 - 100%, 2023 - 100%, 2024 - 100%).

2020 жылғы 1 қыркүйегінен бастап «OnlineMektep», «Google Classroom» және «kundelik» электрондық оқыту жүйесі жобасына қатысатын болады.

Алға қойған мақсатқа қол жеткізу оқу сапасын, білімді басқарудың тиімділігін, сыртқы ортамен ақпараттық кірігуін арттырады.

Педагог қызметкерлердің шығармашылық жұмыстарын арттыру барысында пән мұғалімдерінің электрондық оқу құралдарын, цифрлық оқыту ресурстары (ЦОР) базасын жасау жүзеге асырылады.

Педагогтердің ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) пайдалану құзыреттіліктерін дамыту қолға алынады. Электрондық оқыту жүйесін пайдаланушыларды даярлау және олардың біліктілігін арттыру жалғасады.

Оқушы автоматтандырылған жүйеде жеке портфолиосын, күнтізбесін, күнделігін жүргізеді. Мұғалім күнтізбелік-тақырыптық жоспары бар электрондық дәптерді, сынып журналын, хабарландыру қызметін (алда болатын жоспарлы және жоспардан тыс жиналыстар мен кездесулер туралы білім алушылардың ата-аналарына e-mail немесе sms-хабарламалар, есептілік және т.б. жіберу) толтыратын болады.

Оқытушылық жүктемені, сабақ кестесін, үлгерім мониторингі мен білім алушылардың сабаққа келуін, педагогтің қызметін, есептілікті директордың орынбасары жүзеге асырады. Жүйе әкімшісі оқшау және ғаламдық есептеу желісін, телефон жүйесін немесе дауыс поштасы жүйесін қоса алғанда, көп қолданыстағы компьютерлік жүйенің жұмыс істеп тұруына жауапты болады.

**Абай мектептері желісіндегі тәрбие жұмысы және жастар саясаты**

**Мақсаты:** білім алушылардың бойында «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында көрсетілген жалпыұлттық рухани-адамгершілік құндылықтарын және салауатты өмір салты мәдениетін, әлеуметтік жауапкершілікті, көшбасшылық қасиеттерді қалыптастыру жөніндегі шаралар кешенін іске асыру.

**Міндеті**:

Абайдың «Толық адам» іліміне сүйене отырып, білім алушыларды ізгілікке баулу; еңбек арқылы тәрбиелеу жұмыстарын жүзеге асыру; мәдени ашықтық пен бәсекеге қабілеттілік қасиеттерін шыңдау.

**Нысаналы индикаторлар:**

1) жастардың жалпы санынан жастар саясаты мен патриоттық тәрбие саласындағы іс-шараларды іске асыруға белсенді түрде қатысатын жастардың үлесі 2020-2021 оқу жылы – 75%, 2021-2022 оқу жылы – 80%, 2022-2023 оқу жылы – 85%, 2023-2024 – 90%, 2024-2025 – 95%;

2) білім алушылардың жалпы санынан мектеп-интернаттағы спорт секциялары мен қызығушылыққа байланысты үйірмелер қызметімен қамтылған білім алушылардың үлесі 2020-2021 оқу жылы – 70%, 2021-2022 оқу жылы – 75%, 2022-2023 оқу жылы – 80%, 2023-2024 – 85%, 2024-2025 – 90%.

Адамгершілігі жоғары азаматты және өз Отанының патриотын тәрбиелеу «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы идеясының рухани-адамгершілік құндылықтарын ескере отырып жүзеге асырылатын болады.

Білім алушылардың кітап оқуға деген қызығушылықтарын арттыру үшін «100 кітап» акциясы жүргізіледі.

Қоғамның түрлі саласында қызмет етіп жүрген тұлғалардан тәлім алу мақсатында ЖОО ғалым-оқытушылары, қоғам қайраткерлері, ақын, тілші, журналистер т.б. «Тағылым» жобасының аясында білім алушыларға танымдық дәріс оқитын болады.

Шығармашылық қабілеттерін шыңдап, медиатұлға болуға дайындау мақсатында «100 аудиохрестоматия» жобасы жүзеге асырылады.

«Оқушы үні» тыңдалып, ескерусіз қалмау үшін, білім алушылардың қоғамдық шараларға белсенділігін арттыру мақсатында «Бірлік» білім алушылар ұйымы, «Елтұтқа» ұлдар ұйымы, «Инабат» қыздар ұйымы жұмыс жасайды.

«Мектеп – оқушы – ата-ана» үштік одағының бірлескен жұмысын жүзеге асыру «Шаңырақ» жобасының аясында жүргізіледі.

Еліміздің көпұлтты мемлекеттілік саясатын қолдай отырып, көптілді, полимәдениетті, зияткер, адамгершілік қасиеттері жоғары, салауатты өмір салтын берік ұстанатын, ұлттық рухани тәрбиені бойына сіңірген ұрпақ тәрбиеленетін болады.

Білім алушылардың жеке қызығушылықтарын ескере отырып мәдени-өнер үйірмелері мен спорттық секциялар жұмысын жалғастыратын болады.

Жастардың әлеуетін ашу тетіктерін іске асырылады.

Қорыта келгенде, Абай мектептерінің желісін дамытуда төмендегі негізгі бағыттар басшылыққа алынады:

**1. Абай мектептері желісінің нормативтік-құқықтық, ғылыми-әдістемелік, оқу-материалдық базасын құру және дамыту;**

1. 1 Абай мектептері желісінің нормативтік-құқықтық базасын дамыту және жетілдіру, осы тұжырымдамалық негіздерді жүзеге асырудың ұйымдастырушылық-басқарушылық механизмдерін қалыптастыру;

1.2 Абай мектептері желісін құрудың негізгі мақсатына, әлемдік білім беру стандарттарына жауап беретін оқу жоспарын, оқу бағдарламасын әзірлеу, оқу-материалдық қамтамасыз ету.

**2. Абай мектептері желісі педагогтерінің құзыреттілігін жоғарылату, біліктілігін арттыру**

2.1 Білім берудің жоғары сапасын қамтамасыз ету үшін Абай мектептері желісі педагогтерін ғылыми-әдіснамалық, оқу-әдістемелік қолдау;

2.2 Абай мектептері желісі педагогтеріне консультациялық қызмет көрсету, біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастыру;

2.3 Озық педагогикалық тәжірибелерді тарату, білім мазмұнын қазіргі заман сұраныстарына сәйкестендіру мақсатында халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру, педагогтердің шетелдерге іссапарларын ұйымдастыру.

**3. Абай мектептері желісі білім алушыларының ұлттық рухта тәрбиелеу, оқыту**

3.1. «Қазақ тілі», «Қазақ әдебиеті», «Абайтану» оқу пәндері бойынша кеңейтілген білім беру негізінде функционалдық сауаттылықтарын қалыптастыру, ұлттық рухта тәрбиелеу;

3.2. Білім алушылар арасында мемлекеттік тілдің мәртебесін арттыру, қолданыс аясын кеңейту;

3.3. Қазақстанның ұлттық элитасын қалыптастырумен қатар, адамзат, идеология, саясат, білім, ғылым, өнер және қоғамның дамуына өзіндік үлес қоса алатын тұлға тәрбиелеу.

***2-кесте. АБАЙ МЕКТЕПТЕРІ ЖЕЛІСІ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР***

| | ***ОҚЫТУ, ОҚУ МЕН БАҒАЛАУ*** |
|---|---|
| *Басымдықтар:*<br>КБЖМ, білім беру бағдарламасын енгізуге оқу-әдістемелік қолдау көрсетуді жетілдіру | *1-көрсеткіш (1-әрекет):*<br>2020-2021 жж.: Қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімдері ЖОО ғалымдарымен бірлесе отырып, қазақ тілі мен әдебиетін тереңдете оқытатын гуманитарлық бағыттағы мамандандырылған Абай мектептері желісінің 5-11-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті» пәндерінен жаңартылған мазмұндағы ***тереңдетілген және «Абайтану» пәнінің бағдарламаларын ұсынады;***<br>2021-2022 жж.: Қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімдері ЖОО ғалымдарымен бірлесе отырып, қазақ тілі мен әдебиетін тереңдете оқытатын гуманитарлық бағыттағы мамандандырылған Абай мектептері желісінің 5-11-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті» пәндерінен жаңартылған мазмұндағы тереңдетілген бағдарламаларды ұсынады. Осы бағдарлама негізінде жасалған «***Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті», «Абайтану» оқулықтарын ұсынады;***<br>2022-2023 жж.: Қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімдері ЖОО ғалымдарымен бірлесе отырып, қазақ тілі мен әдебиетін тереңдете оқытатын гуманитарлық бағыттағы мамандандырылған Абай мектептері желісінің 5-11-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті» пәндерінен жаңартылған мазмұндағы тереңдетілген және «Абайтану» пәні ***бағдарламалары негізінде оқулықтар ұсынады;***<br>2023-2024 жж.: Қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімдері ЖОО ғалымдарымен бірлесе отырып, қазақ тілі мен әдебиетін тереңдете оқытатын гуманитарлық бағыттағы мамандандырылған Абай мектептері желісінің 5-11-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті» пәндерінен жаңартылған мазмұндағы тереңдетілген және «Абайтану» пәні ***бағдарламалары негізінде мұғалімдерге арналған әдістемелік құралдарын ұсынады;***<br>2024-2025 жж.: Қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімдері ЖОО ғалымдарымен бірлесе отырып, қазақ тілі мен әдебиетін тереңдете оқытатын гуманитарлық бағыттағы мамандандырылған Абай мектептері желісінің 5-11-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті» пәндерінен жаңартылған мазмұндағы тереңдетілген және «Абайтану» пәні ***бағдарламалары негізінде мұғалімдерге арналған әдістемелік құралдарын ұсынады.*** |
| Терең ғылыми білімді қалыптастыру үшін арнайы және жалпы диагностика көмегімен оқу ынтасын көтеру | *2-көрсеткіш (2-әрекет):*<br>2020-2021 жж.: облыстық, республикалық олимпиадаларға қазақ тілі мен әдебиеті, абайтану, ағылшын, орыс тілі, тарих пәндерінен 5% жеңімпаздар мен жүлдегерлер шығару;<br>2021-2022 жж.: облыстық, республикалық олимпиадаларға қазақ тілі мен әдебиеті, абайтану, ағылшын, орыс тілі, тарих пәндерінен 7% жеңімпаздар мен жүлдегерлер шығару;<br>2022-2023 жж.: облыстық, республикалық олимпиадаларға қазақ тілі мен әдебиеті, абайтану, ағылшын, орыс |

| | |
|---|---|
| Дарынды оқушылардың дамуына жағдай жасау | тілі, тарих пәндерінен 10% жеңімпаздар мен жүлдегерлер шығару;<br>2023-2024 жж.: облыстық, республикалық олимпиадаларға қазақ тілі мен әдебиеті, абайтану, ағылшын, орыс тілі, тарих пәндерінен 12% жеңімпаздар мен жүлдегерлер шығару;<br>2024-2025 жж.: облыстық, республикалық олимпиадаларға қазақ тілі мен әдебиеті, абайтану, ағылшын, орыс тілі, тарих пәндерінен 15% жеңімпаздар мен жүлдегерлер шығару.<br><br>*3-көрсеткіш (3-әрекет):*<br>2020-2021 жж.: 100% педагог-зерттеушілер, шебер педагогтер тиімді методологияларымен бөліседі, 50% мұғалімдер lesson study зерттеулерінің нәтижелерімен бөліседі;<br>2021-2022 жж.: 100% педагог-зерттеушілер, шебер педагогтер тиімді методологияларымен бөліседі, 55% мұғалімдер lesson study зерттеулерінің нәтижелерімен бөліседі;<br>2022-2023 жж.: 100% педагог-зерттеушілер, шебер педагогтер тиімді методологияларымен бөліседі, 60% мұғалімдер lesson study зерттеулерінің нәтижелерімен бөліседі;<br>2023-2024 жж.: 100% педагог-зерттеушілер, шебер педагогтер тиімді методологияларымен бөліседі, 65% мұғалімдер lesson study зерттеулерінің нәтижелерімен бөліседі;<br>2024-2025 жж.: 100% педагог-зерттеушілер, шебер педагогтер тиімді методологияларымен бөліседі, 70% мұғалімдер lesson study зерттеулерінің нәтижелерімен бөліседі.<br><br>*4-көрсеткіш (4-әрекет):*<br>2020-2022 жж.: 2 шығармашылық зертхана жұмыс істейді (қазақ тілі мен қазақ әдебиеті, абайтану);<br>2022-2023 жж.: 4 шығармашылық зертхана жұмыс істейді (қазақ тілі мен қазақ әдебиеті, абайтану, тарих, құқық);<br>2023-2025 жж.: 5 шығармашылық зертхана жұмыс істейді (қазақ тілі мен қазақ әдебиеті, абайтану, тарих, құқық, шетел тілі). |

**БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ**

| № | Іс-әрекет шара | ҚР БҒМ 2020-2025 жылдарға арналған стратегиясымен байланыс | Жүзеге асыруға жауапты | Ресурстар | Мониторинг/орындау уақыты - аралық және соңғы (кім/қалай/ қашан?) | Күтілетін нәтиже |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **1** | **Педагог қызметкер шеберлігінің деңгейін** | СБ-2, СМ-3,1 | Директордың ҒӘІ жөніндегі | Аттестация парағы, рубрикалар, ҚМЖ | Жыл сайын қыркүйек айында аттестациядан | Педагог қызметкерлер жыл сайынғы |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | **арттыру** | | орынбасары, ӘБ жетекшілері | | өтетін педагогикалық қызметкерлердің тізімін жасау, аттестацияға көмек көрсететін жұмыс тобын, жұмыс жоспарын, сабақ өткізу кестелерін бекіту. Кестеге сай сабақты бақылау, есеп жазу. | аттестация шеңберінде мектепішілік бағалаудан сәтті өтеді. |
| 2 | **Мұғалімдердің ағылшын тілін меңгеру деңгейін көтеру** | СБ-2, СМ-3,2 | Директордың орынбасарлары, тілдер координаторы, ағылшын тілі пәні мұғалімдері | Сабаққа қатысу мониторингісі | Жыл сайын қыркүйек айында педагогтер (ағылшын тілінде сабақ беретін мұғалімдердің IELTS деңгейі 5.0-тен төмен емес) мен тренерлердің тізімін бекіту, мұғалімдерді арнайы курстарға жіберу | Жалпы мұғалімдер ағылшын тіліндегі курстарға қатысып, қарым-қатынас тілін меңгереді. |
